

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева, Р.А.Абдраимова,  
Қ.Ә.Әуесбай, Е.Ж.Караев

# Жаһандық ҚҰЗЫРЕТТЕР

Негізгі орта білім беру деңгейінің  
8-сынып оқушыларына арналған оқулық

8



ӘОЖ 373(072)  
КБЖ 74.26  
Ж26

Салыхова Б.У. ж.б.

**Ж26 Жаһандық құзыреттер:** Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сынып оқушыларына арналған оқулық. / Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева, Р.А.Абдраимова, Қ.Ә.Әуесбай, Е.Ж.Қараев. – Астана: «Арман-РV баспасы», 2024. – 112 бет.

ISBN 978-601-201-209-5

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы бағдарламасы бойынша жазылды. Оқулықтың мақсаты – жаһандық құзыреттерге не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушының әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ету.

ӘОЖ 373(072)  
КБЖ 74.26

© Салыхова Б.У.,  
Акимбаева Ж.Ж.,  
Абдраимова Р.А.,  
Әуесбай Қ.Ә.,  
Қараев Е.Ж., 2024

ISBN 978-601-201-209-5

© «Арман-РV баспасы», 2024

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

## Шартты белгілер

 Түйін сөздер	тақырыпқа қатысты маңызды ұғымдар	 Ойна да ойла!	ойын түріндегі қызықты тапсырмалар
 Бұл маңызды	танымдық деректер	 Анықта!	білім-тәжірибеге сүйеніп орындалатын тапсырмалар
 Талда!	талдауға арналған сұрақтар	 Ойла!	логикалық тапсырмалар
 Жадында сақта!	есте сақтайтын мәліметтер	 Жағдаяттық тапсырма	түрлі жағдаяттарды шешуге арналған тапсырмалар
 Жасап көр!	АКТ қолданып орындалатын шығармашылық жұмыс	 Оқы, қытық!	қосымша қызықты мәліметтер
 Дәлілдерден шығарм сөз	ұлы тұлғалардың ғибрат сөздері	 Зертте!	зерттеушілік тапсырмалар
 Сәйкестендір!	сәйкестендіруге, салыстыруға арналған тапсырмалар	 Біліміңді тексер!	сабақтан алған білімің тексеретін сұрақтар



Смартфондағы «Play Market» (ОС Android базасында) немесе «Apple App Store» (ОС iOS базасында) дүкенінен «Сканер QR» қосымшасын тегін жүктеп алу керек.

Оқулықтағы QR-код арқылы берілген тапсырмаларды орындау үшін жүктелген қосымшаны ашып, QR-кодқа бағыттау керек. *Ескерту:* кейбір смартфондардың камералары еш қосымшасыз бірден QR-кодты аша алады.

## Кіріспе

### Қымбатты жас дос!

Сен де әлемнің бір бөлшегісің. Бүкіл адамзат бір Жер ғаламшарында өмір сүргендіктен, өзара байланысқа түседі. Қазіргідей өзгермелі және өзара байланысты әлемде сенің есеюің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, цифрлық, экологиялық, кейде эпидемиологиялық факторлардың ықпалымен жүзеге асады. Ал сол факторлардың әсерін түсініп, жаһандық құзыреттілігіңді арттыру үшін авторлар ұжымы «Жаһандық құзыреттер» пәнін ұсынып отыр.

«Жаһандық құзыреттер» курсы бес бөлімнен тұратын оқулық аясында зерделейсің.

«Этика және әдеп» бөлімі адалдық, тәртіптілік, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет және ұжымда жұмыс істей алу сияқты жеке қасиеттеріңді дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі сені ел азаматы ретінде Отан мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымдарыңды көрсетуге жетелейтін жеке қасиеттеріңді дамытуға бағытталған.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімінде медиа кеңістіктің құралдарын талдауды, бағалауды және пайдалануды, сондай-ақ қаржылық сауаттылығыңды арттырып, оны күнделікті өмірде қолдануды үйренесің.

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімінде ережелер мен заңдарды ұстану арқылы өз өміріңді қауіп-қатерден сақтауды, саламатты өмір салтын ұстану дағдыларыңды дамытасың.

«Экологиялық мәдениет» бөлімін оқи отырып, өз денсаулығыңа, табиғатқа ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаға теріс әсердің салдарын түсінетін және табиғатты қорғау қызметін белсенді жүргізетін тұлға болып қалыптасасың.

Жас дос! Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, білімін орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы өзің секілді білімді, жігерлі, ұлттық санасы бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Білім жолында өзіңе сәттілік тілейміз!

*Авторлар ұжымы*

# I БӨЛІМ.

## ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП

Досым, сен осы бөлімде мына мәселелерді зерделейсің:

- ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасын меңгеріп, отбасылық құндылықтарды бойыңа сіңіретін боласың;
- адалдық пен әділеттілікті өмірлік ұстанымға айналдыруды үйренесің, академиялық адалдықтың маңызын түсінесің;
- саяхат этикасын сақтаудың рөлін біліп, өмірде қолдануға дағдыланасың.



# §1.

## Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы мен отбасылық құндылықтар

### Меңгерілетін білім:

- Халық дәстүрі негізіндегі қарым-қатынас этикасының мәнін білу;
- Рухани асыл мұра: ізеттілік, парасаттылық, қамқорлық, татулықтың мағынасын терең ұғыну;
- Отанға, елге деген сүйіспеншіліктің отбасынан басталатынын түсіну;
- Отбасы алдындағы жауапкершіліктерін сезіне білу, ынтымақ, татулық қасиеттерді дамыту.

### Кел, ойланайық!

- Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы туралы не айтар едің?
- Ата-бабаларымыздан қалған «қара шаңырақ» ұғымы жөнінде не білесің?
- Қазақ халқының салт-дәстүрінде отбасы татулығы қалай сақталған?
- «Отан отбасынан басталады» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесің?
- Өз отбасында қандай құндылықтар сақталған?



### Түйін сөздер

Ізеттілік  
Құндылық  
Қара шаңырақ

### Отбасы татулығы

#### Аңыз

Баяғыда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, бір қауым ел болып, бірге тұрыпты. Бұл отбасының өзара келісімде, татулықта өмір сүруі елді таңғалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал деген атымен болмайды екен.

Бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша естігенінің ақ-қарасын білгісі келіп, ауылға келеді. Ауыл тап-таза, барлығы жеткілікті, тыныштық пен береке қонған. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан бақытты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мәз-мейрам екен. Патша ақсақалға келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді.

Қарт үнсіз ғана жүз рет «сүйіспеншілік», жүз рет «кешірім», жүз рет «бірлік» деп қағазға мұқият жазып шығады.

Үш сөзді оқыған патша таңғалып:

– Осы-ақ па?

– Иә, – деді ақсақал. – Барлық жақсы отбасы тек осы қасиеттерден құрылады, – деді де, сәл ойланып, «шыдамдылық» деген сөзді қосып қойды.

*Ел аузынан*

## Тату ағайындылар

Аңыз

Өте ертеде бір патшалықта екі ағайынды өмір сүріпті. Екеуінің үйі таудың екі жағында болса да, олар бір-біріне көмектесіп, тату-тәтті өмір сүреді.

Бір күні ағайындылар егіндерін жинап, теңдей бөліп алады. Сол күні түнде үлкен ағасы ойлайды: «Біз егінді бірдей етіп бөліп алдық, бұл – дұрыс емес. Інім жаңа ғана шаруашылығын бастап жатыр. Маған қарағанда, оған көбірек керек».

Ағасы тұрып, түнде інісіне бір қап бидайды апарып тастайды.

Ал бұл кезде інісі де ойлап жатады: «Жоқ, біз егінді дұрыс бөліскен жоқпыз. Ағамның отбасы үлкен, жасы да менен үлкен. Маған қарағанда, ағама көбірек керек».

Таңға жақын інісі де білдіртпей бір қап бидайды ағасына апарып тастайды.

Таңертең ағайындылар өз қамбаларына қарайды: «Бұл қалай? Кеше бір қап бидайды апарып едім ғой, ал бидай азаймапты». Олар қаптарды қайта-қайта санайды да, таңғалады: «Бұл не ғажайып?!».

Түн болысымен ағасы мен інісі бір бидай қапты арқалап, үйлерінен шығады. Айналаны жап-жарық етіп, толық ай туады. Осы жерде қарағайдың түбінде екі ағайынды кездесіп қалады. Ағайындылар бір-бірінен:

– Кештетіп қайда бара жатырсың? – деп сұрайды.

Екеуі тез түсіне қояды да, күліп жіберді. Осыдан кейін бір-бірін одан да қатты жақсы көріп кетеді.

*Ел аузынан*



### Талда!

- Отбасында татулық пен бірлік болуы үшін қандай құндылықтар қажет?
- Өз отбасың қандай құндылықтар мен қасиеттерден құралған?
- Екі әңгімеден отбасы алдындағы жауапкершілік пен татулық туралы қандай қорытынды жасар едің?
- Отбасыңдағы сүйіспеншілік пен татулықтың орнауына өзің қандай үлес қосып жүрсің? Әңгімелеп бер.



**Этика** (грек. *ethos* – «дағды», «әдет-ғұрып») – адамгершіліктің әртүрлі қоғамдық құбылыстардағы сан алуан түрі мен нормалары туралы ілімдер жүйесі. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында этика ұғымының баламасы ретінде «ар-ождан» ұғымы қолданылады.

**Ізеттілік** – адамның әдептілігін, сыпайылығын, өнегелілігін, қарапайымдылығын білдіретін этикалық ұғым. Халқымыз «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген қағиданы ұстанып келеді. Жас адам үлкенге ізеттілік білдірсе, ересек те өзінен кіші жанды құрметтеп, сыйлап үлгі көрсеткен.

**Парасаттылық** – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасатты адамға сүйіспеншілік, адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән.

**Құндылық** – танымның, белгілі бір нысанның (объектінің) адам үшін қасиетті деп танылуы.

**Қара шаңырақ** – әкенің үйі. Кенже ұл ие болып, қарттарды бағып-қағатын көне салт бүгінгі қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп, үй болысымен еншілерін алып, бөлек шыққан. Жасы кіші болса да, кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті шаңырақ ретінде саналады (1-сурет).



1-сурет. Қара шаңырақ



Оқы, қызық!

### Өсиет әңгіме

Бір адам үлкен, жаңа үй сатып алады. Оның бақшасында жеміс ағашы мол екен. Сәнді үйдің жанында қызғаншақ көршісі болады, ол үнемі жаңадан көшіп келген көршісінің көңілін бұзу үшін түрлі әрекеттер жасайды.

Бірде таңертең жаңа үйдің қожайыны есік алдында тұрған бір шелек қоқысты көреді. Оны көршісінің әкеліп қойғанын біледі. Сонда үй иесі шелектегі қоқысты төгіп, оның ішін тазалап жуып, баудағы піскен ең үлкен алмаларды шелекке салып, көршісіне алып келіп, есігін қағады. Ол есігін ашып, өзінің алмаға толы шелегін көтерген көршісін көріп, абыржып қалады. Сонда жаңа көрші: «Әркім өзінде барымен бөліседі», – деген екен.



Жасап көр!

Үш топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңдар.

«Әдептілік» тобы	«Ізеттілік» тобы	«Парасаттылық» тобы
Отбасылық құндылықтар тақырыбында кластер құрастырады.	Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас ережелерін жасайды.	Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас туралы бейнеролик даярлайды.



Зертте!

Өзіңнің ата-әжеңнен немесе ата-анаңнан отбасы құндылықтары туралы сұхбат ал. Сұхбатыңды бейнероликке түсіріп, әлеуметтік желінің бірінде жарияла.



Білімді тексер!

- Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы деген не? Кім әдепті болуы керек?
- Қазақ отбасына төн қасиеттер туралы не түсіндің?
- Отбасындағы татулық, этика және әдеп не үшін қажет?

**Меңгерілетін білім:**

- Адалдық пен әділеттілік туралы білімді толықтыру;
- Академиялық адалдықтың мағынасын түсіне білу;
- Адамның өмірінде әділдік пен адалдықтың алатын орны туралы ой-пікірді кеңейту;
- Адамгершілік қасиеттер туралы білімді жетілдіре отырып, шынайылық, шыншылдық, адалдық қасиеттерді дамыту.

**Кел, ойланайық!**

- «Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары» дегенді қалай түсінесің?
- Академиялық адалдық ұғымы туралы не білесің?
- Әділетті болуға ұмтылу адамға не үшін қажет?
- Адамның өмірінде әділдік пен адалдықтың алатын орны қандай?
- Адал да әділетті болу кез келген адамның қолынан келе ме?

**Түйін сөздер**

Адалдық  
Шыншылдық  
Шынайылық  
Академиялық адалдық

**Шыншыл бала**

Баяғы өткен заманда бір патша өмір сүріпті. Патша өте ақылды, шыншыл, кеңпейілді және әділ болыпты. Ол елін көп жыл басқарады. Патшаны бір нәрсе мұңға батырған екен: оның баласы болмапты. Содан патша ойлана келе, өзіне мұрагер іздейтінін хабарлайды.

Патшаның қызметшілері сол елдегі барлық балаға гүл тұқымын таратып, кімнің гүлі жақсы өссе, сол патша мұрагері болатынын ескертеді.

Күн артынан күн өтіп жатты. Қанша баптап, күтім жасаса да, Сон Ирдің гүлі өспеді.

Гүлдердің өскенін тексеретін күн де келді. Барлық бала өдемі киінген, гүлдері жайқалып өскен, Сон Ир ғана балалардың ең артында жабырқаулы түр еді.

Патша балалардың гүлін аралап келеді, бірақ қабағы ашылмайды. Ең артында бос құмырамен жылап тұрған баланы көреді. Сон Ирді өзіне шақырып, «Бұл бала – менің мұрагерім», – деп жар салғанда, халық шулап кетіпті. Арасынан біреуі шығып патшадан: «Неге тапсырмаңызды орындай алмаған баланы асырап алмақсыз?» – деп сұрапты. Сонда патша:

– Оның себебі – менің қызметшілерім бәріне піскен тұқым берген болатын. Одан гүл өсуі мүмкін емес. Маған өдемі гүл емес, адал да шыншыл мұрагер керек, – деді.

Әдемі гүлдермен тұрған балалардың беттері қызарып, ұяттан жерге кірді. Ал патша шыншыл баланы қолынан жетектеп, сарайына алып кетіпті.

*Корей халық ертегісі*



#### Талда!

- Мәтіннен қандай ой түйдің? Шындықтың қуатын, күшін неден байқадың?
- Тарихтан, әдебиеттен не өз тәжірибеңнен әділдікке қандай мысалдар келтіре аласың?
- Әділ қоғамның негізінде қандай ұстанымдар мен құндылықтар жатыр?



#### Бұл маңызды

**Адалдық** – адам бойындағы таза ниет, жақсы қасиет. Адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттер.

**Шыншылдық** – ақиқат негізінде қалыптасатын турашылдықты, әділдікті, адалдықты көрсететін көркем қасиеттердің бірі.

**Шынайылық** – шыншылдық, турашылдық, адалдық, тазалық деген мағыналарды білдірумен қатар, рухани құндылықтарды өмірінің өлшемі етіп, ішкі жан дүниесінің тазалығын сақтай білетін, ар таразысынан өсте жаңылмайтын, әркез ақиқатқа жүгінетін адамдардың бойынан көрінетін қасиет.

**Академиялық адалдық** – білім алу үдерісінде білім алушылардың жеке адамгершілік қасиеттері, оның ішінде адалдығы мен білім алудағы жауапкершіліктерін дамытуға бағытталған құндылықтар мен қағидалар жиынтығы. Шындық, сенім, құрмет, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сақтау.



#### Жағдаяттық талсырма

Төрт топқа бөлініп, берілген жағдаяттарды шешіңдер.

**1-жағдаят.** Ажар мен Айгүл сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көріп: «Менің қалтамда апам самса алуға берген ақша бар. Кеттік, кино көрейік», – деді. Айгүл: «Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой», – деп, іркіліп қалады. «Мектепте болдық» деп айта саламыз», – деді Ажар.

Ажардың ұсынысына қалай жауап берер едіңдер? Екі қыздың іс-әрекетін адалдық деп есептеуге бола ма? Ата-анасын алдағандары дұрыс па?

**2-жағдаят.** Айдар сабақтан тыс уақытта қыдырғанды, өзге балалармен әңгіме-дүкен құрып отырғанды ұнатады. Ол күнде кешке Ғалымды өзімен бірге серуендеуге шақырады. Бірақ Ғалымның бос жүргісі келмейді, пайдалы іспен айналысқанды жөн көреді. «Менің анам сенімен бірге жүргенімді білсе, қарсы болмайды», – дейді Айдар. Ғалым оның ата-анасына бірнеше рет телефон шалып, өтірік айтты. Бір жағынан, Ғалым досынан ажырағысы келмейді, екінші жағынан, күнде өтірік айтуды ұнатпайтын болды.

Сонда Ғалымның не істеуі керек? Сендер бұл сұраққа қалай жауап берер едіңдер?

**3-жағдаят.** Әке-шешесі жұмысқа кетерде Ұланға: «Балам, сабағыңды оқып болған соң, үйдің айналасын жинастыр, үйге су алып кел», – деп тапсырды. Ұлан сабақ оқып болған соң, үйге Айдын, Дидар деген достары келіп, Ұланды компьютермен футбол ойнауға шақырды. Ұлан әке-шешесінің тапсырмасын орындауды ұмытып, достарымен футбол ойнауға кірісті. Ойын аяқталып, достары үйіне кетті. Кеш бата әке-шешесі жұмыстан келгенде, берген тапсырмаларының орындалмағанын көріп, Ұланға қарады. Ол: «Үй тапсырмасы өте күрделі болды. Орындауға көп уақытым кетті. Үй шаруасына уақытым жетпеді», – деді.

Ұланның әрекеті дұрыс па? Ұланның орнында сендер болсаңдар, ата-анаңа не айтар едіңдер?

**4-жағдаят.** Академиялық адалдыққа байланысты өз сыныптарыңда болған оқиғаны талқылаңдар.




#### Даналардан шыққан сөз

Шәкәрімнің өсиетін оқып, ой түйінде. «Шәкәрім ой-толғамдарындағы адалдық мәселесі» тақырыбында бейнеролик дайында.

### Тура жол

Таза жолмен жүруге талаптан, өзінді сол жолмен жүруге тәрбиеле. Адалдықты, тазалықты мақсат еткен жолға қарама-қайшы келетін бұзықтықтан бойыңды да, ойыңды да аулақтат. Белгілі бір дәрежеге, деңгейге жетсең де немесе

одан кетсең де, белгілеген дұрыс мақсатыңды бұзба, одан айныма. Бұл өміріңнің жолы екіге айырылып өзендей ағар, әр жақтан әртүрлі мәселелер мен қиындықтар, азғыратын жайттар болмай тұрмас. Сол кезеңде дұрыс мақсатыңды берік ұстанып таза жолдан таймай барғаның, жетпесең де, алғаның көбірек болсын. Таза, тура, адал жол деген негізгі қазыққа барар жолда бұзыққа қызықпа, ындыныңды тура жолға сал, мақсатыңды бұзба, таза жолдан тайма, тура жолға ие бол. Құбылсаң, бұзылсаң, не қызығып, не именумен қайта алмай, байқамай себепке еріп жетектелсең, бұларды аттап өте алмай қалсаң, адалдығыңды жоғалтып, адамдығыңды кетіріп рухани тірі өлікке айналасың. Осыған ермей, ақ жолмен алға бассаң, міне, сонда ғана сен шынайы еркінсің, еркінді қай бағытқа бағыттау – өзіңнің жүрегіңнің шешімі. Тура жолды сезімі ояу, есті жан ғана табады.



ШӘКӘРІМ  
ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

*Шәкәрім Құдайбердіұлы*



#### Жадында сақта!

Адамды ең жоғарғы мәртебеге шығаратын – шыншылдығы, шынайылығы мен адалдығы. Шынайылық – шындық жолы, турашылдық – ақиқат жолы. Тіршіліктегі ақырғы дәм-тұзы таусылғанша адамның турашылдықтан ауытқымауы үшін өте күшті ерік-жігер, шынайы ықылас қажет.

Шындық пен жалған – арасында жер мен көктей айырмашылығы бар, бір-біріне кереғар ұғымдар. Ақиқат жоқ жерде шынайылықтың болуы мүмкін емес. Ал мақсатқа жетудің басты шарттарының бірі – ниеттегі шынайылық. Ниетіміз шынайы болса, ісіміз де оңға басады.

Шынайылық пен адалдықтың пайдасы – адамдар арасындағы қарым-қатынаста сенімділікті қалыптастырады.

Жүсіп Баласағұнидың нақыл сөздерін оқыңдар. Үш топқа бөлініп, нақыл сөздердегі адамгершілік, қайырымдылық, әдептілік мәселелері туралы өз ойларыңды жазыңдар.

1-топ. Адамгершілік туралы	2-топ. Қайырымдылық туралы	3-топ. Әдептілік туралы



ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ

- Парасат – қараңғыдағы шырақ.
- Мінезі жақсы төрге озар.
- Не ексең – соны орасың.
- Ұлық болсаң – кішік бол.
- Қиянаттан алыс жүр.
- Кеңпейіл кісіде қулық болмайды.
- Ақкөңілділік – адам ойының тазалығының белгісі.
- Жамандық алтын басыңды аяққа сүйрейді.
- Күншіл адам мұңшыл.
- Қызғаныш қайда болса, ұрыс-керіс те сонда.
- Кісі алдындағы асқа қол созбас болар.
- Аз жақсылық жасағанға да көп рақмет айту – парыз.
- Жақсы мінез адамға азық та, киім де тауып береді.
- Дос табу оңай, сақтау қиын; жауласу оңай, тоқтау қиын.
- Дос достың кемшілігін кешіре білер.
- Ақыл-кеңес бергенге қызметінді аяма.
- Өз ісінді өзің атқар, өзгеге салмақ салма.
- «Жақсылыққа – жақсылық» деп айтады,  
Бір жақсылық он есе боп қайтады.
- Егер қолың ұзын болса, халыққа  
Сөзбен, іспен ізгілік қыл, жалықпа.
- Зерек жанның білімі де артады,  
Білімдіні ол өзіне тартады.



### Жасап көр!

QR-code-тан бейнежазбаны тамашалап, Абайдың шындық, адалдық үшін қалай күрескенін өлеңдері арқылы дәлелде (2-сурет).



2-сурет. Бала Абай ақсақалдар кеңесінде



### Ойна да ойла!

Берілген тізбексөзді дұрыс шешкенде, үлгі, өнеге аларлық мақал шығады. Мағынасын түсініп ал.

1	2	1	3	2	4	5		1	6	2	4	7		8	9	8
---	---	---	---	---	---	---	--	---	---	---	---	---	--	---	---	---

1, 2, 1, 3, 2, 4, 5 – шыншылдық, шынайылық, әділдік.

1, 6, 2, 4, 7 – «ождан» сөзімен тіркесіп айтылатын сөз, ілік септігінде.

8, 9, 8 – «жұмысы» сөзіне жуық мәндес сөз.



### Біліміңді тексер!

- Адалдық пен әділеттілік туралы не түсіндің?
- Академиялық адалдықтың маңызы қандай?
- Өзіңді адал, шыншыл жасөспіріммін деп есептейсің бе?
- Алған біліміңді қорытындылап, «Менің өмірлік ұстанымдарым» тақырыбында буклет дайында.

**Меңгерілетін білім:**

- Саяхат этикасының негізімен танысу, саяхат кезіндегі жауапкершілікті білу;
- Шетелдерге саяхаттағанда сол елдің дәстүрін, мәдениетін құрметтеу, әдепсіздікке жол бермеу;
- Саяхат барысындағы қауіпсіздік туралы білімді арттыру;
- Еліміздің көркем жерлерімен танысу, отансүйгіштік сезімді ояту.

**Кел, ойланайық!**

- Саяхаттаудың денсаулыққа пайдасы бар ма?
- Саяхаттау барысында қандай әдептерді ұстану керек?
- Шетелдерге саяхаттап көрдің бе? Сол елдің дәстүрі мен мәдениетін құрметтеу дұрыс па?
- Отандық және шетелдік танымал саяхатшылардан кімдерді білесің?

**Түйін сөздер**

Атамекен  
Әдептілік  
Сапар  
Саяхат  
Саяхатшы

**Саяхат этикасы**

Саяхат – адамның таным-түсінігін арттырып, дүниетанымын кеңейтетін, жарқын сәттерге, әдемі естеліктерге толы дүние (*3-сурет*).

Саяхатқа шыққысы келетін кез келген адам саяхат этикасын білгені жөн.

XXI ғасыр саяхатшысына тән бірнеше ұстаным бар:

1. Ұлттық және мәдени ерекшеліктерді құрметтеу. Саяхатшылар сол жердің әдет-ғұрпын, дәстүрі мен наным-сенімін құрметтеуге тиіс. Бұл олардың жергілікті мәдениетке бейімделуге дайын екенін білдіреді. Саяхатшы өз халқының құндылығын жергілікті халыққа таңбауы керек.
2. Қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігі. Саяхатшылар қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін барынша азайтуға тырысуы керек. Бұл тұрақты көлік таңдауды, бірреттік өнімдерді пайдалануды азайтуды және экологиялық нұсқауларды орындауды қамтиды.
3. Әлеуметтік әсер. Саяхатшылар өздері баратын аймақтардағы әлеуметтік мәселелерден хабардар болуы керек және тұрақты туризм мен әлеуметтік жобалар арқылы жергілікті қауымдастықтарды қолдауға ұмтылуы керек.
4. Қауіпсіздікті сақтау және жергілікті заңдарды құрметтеу. Ықтимал мәселелер мен қайшылықтарды

болдырмау үшін саяхатшылар жергілікті заңдар мен қауіпсіздік нұсқауларын орындауы керек.



3-сурет. Әлемнің көрнекі жерлері (нысандары)

5. Инновациялық технологиялар. Инновациялық технологияларды пайдалану саяхат тәжірибесін жақсартуға көмектеседі, бірақ саяхатшылар да технологияны саналы тұтынып, оның жергілікті қауымдастық пен қоршаған ортаға әсерін ескеруі керек.

Бұл ұстанымдардың патриоттық маңызы да бар. Бұлар – жаһандық азаматтың ұстанымдары.



#### Талда!

- Саяхат жасаудағы адамның мақсат-мұраты не?
- «Саяхатқа шыққысы келетін кез келген адам саяхат этикасын білгені жөн» деген пікірмен келісесің бе?
- Саяхатшының өзі саяхаттап барған елдің әдет-ғұрпын, дәстүрі мен наным-сенімін құрметтеуі нені білдіреді?
- Суреттегі қай елдерге саяхаттағың келеді? Себебін түсіндір.



#### Бұл маңызды

**Атамекен** – атадан балаға мұра болып қалатын кіндік қаны тамған, яғни дүниеге келген жер. «Ата-бабалар мекені, олардың өз ұрпақтарына қалдырған асыл мұрасы» деген ұғымды білдіреді.

**Әдептілік** (*араб.* «сыпайылық») – адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы.

**Сапар** – жолаушылық. Адам тұратын жерінен алыс жерге жолға шыққаннан бастап, жолаушы саналады.

**Саяхат** – қоршаған ортаны танып білу, зерттеу, спорттық тағы басқа да мақсаттармен кез келген аумақта серуендеу.

**Саяхатшы** – саяхат жасайтын немесе жасаған адам. Олардың басты мақсаты – сауда, дипломатиялық, әскери және басқа миссиялар арқылы әлемді аралап, жаңа аумақтарды ашу.

**Эскапад** – көңілді, тосын қызықты көріністерге толы саяхат.



#### Оқы, қызық!

XIX ғасырға дейін саяхат белгілі бір елдер (олардың табиғаты, халқы, тарихы, экономикасы), жер бетінің жалпы сипаты мен құрылымы туралы ақпарат алудың негізгі көзі болды. Ежелгі дәуірден бастап Геродоттың, Александр Македонскиймен бірге жүрген ғалымдар саяхаттарының сипаттамалары сақталған. Орта ғасырлардағы саяхаттың классикалық мысалы – Марко Поло мен Афанасий Никитиннің саяхаттары. Ұлы географиялық ашылулар

дәуірінде планета идеясын түбегейлі өзгерткен саяхаттар жасалды. Кейінірек Д.Ливингстон, Г.Стэнли, Н.М.Пржевальский және т.б. саяхаттары Жер туралы білімді кеңейту үшін үлкен маңызға ие болды. XVIII–XIX ғасырларда саяхаттар ғылыми экспедиция сипатына ие бола бастады.

XX ғасырдың ортасынан бастап туризмнің қарқынды дамуына байланысты «саяхат» термині белгілі бір дәрежеде өз бетінше жасалған кез келген сапарды білдіреді.



#### Сәйкестендірі!

Қазақстанның тарихи және табиғи нысандарының қай өңірде орналасқанын не қай жерден табылғанын сәйкестендірі.

Қазақстанның тарихи және табиғи нысандары	Орналасқан немесе табылған жері
Шарын шатқалы. Шарын өзенін 154 шақырым бойлай жатқан табиғи нысан	Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде
Ақмешіт әулие үңгірі. Өктасты жыныстар қабатында пайда болған жарқабақ үңгір	Алматы облысындағы Есік қорғанында
Таңбалы тас петроглифтері. ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандары тізіміне енген тас кешен	Алматы қаласынан шығысқа қарай 195 шақырымдай жерде
Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. XIV ғ. соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат	Түркістан облысы Бөйдібек ауданында
Бекет ата жерасты мешіті. XVIII ғ. салынған діни сәулет ескерткіші	Түркістан қаласында
Алтын адам. Алтын киімді сақ жауынгері	Маңғыстаудың Оғыланды шатқалында



#### Жасап көрі!

Туристер, саяхатшылар, туроператор, экскурсиялық топты басқарушы, мұражай қызметкері және т.б. рөлдерді бөліп алып, «Саяхат бізге не үйретеді?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіндер.

Талқыланатын мәселелер:

1. Қаржыны дұрыс есептеу.

2. Тарихи орындар мен мәдениет ошақтарын аралау, табиғат ескерткіштерімен танысу т.б. жоспарлау.
3. Шетелдерге саяхаттағанда ұстанатын әдеп.
4. Саяхат кезіндегі қауіпсіздік шаралары.



#### Анықта!

Кестеде берілген ақпараттың дұрыс/бұрысын анықта.

Мәліметтер	Дұрыс	Бұрыс
Біздің елімізде табиғаты көркем жерлер аз.		
Еліміздің көне қалалары мен ескерткіштерін тамашалауға ниет білдіретін туристер саны жыл сайын артуда.		
Саяхатшы табиғатты бүлдірмеуге, жануарларды қорғауға, жаққан отты өшіруге міндетті.		
Саяхат – демалыстың бір түрі.		
Саяхатқа жаяу, түрлі көлікпен, шаңғымен, қайықпен, атпен, велосипедпен шығуға болады.		
Саяхатшылар елдің сұлу табиғатымен, халықтың салт-дәстүрімен таныспайды.		
Саяхаттан өмірлік сабақ аласыз, көзқарас қалыптастырасыз, жаңа әлемді көресіз.		
Турист сол елдің салт-дәстүрін сыйлайды, өзін мәдениетті ұстайды.		



#### Зертте!

1. Өзіңнің шетелге саяхаттайтын жоспарыңды жаса. Саяхат жасағанда қандай қағидаларды есте сақтау керектігі туралы ережелер үлгісін құрастыр.
2. «Шоқан – саяхатшы» тақырыбын зерттеп, шағын эссе жаз.



#### Біліміңді тексер!

- Саяхат әдебінің негіздері және саяхаттаудың маңызы туралы не түсіндің?
- Әлемді шарлаған қандай саяхатшыларды білесің? Мысал келтір.
- Саяхат жасау барысында халықтық дәстүрді құрметтеу, әдепті және мәдениетті болу не үшін керек?

## II БӨЛІМ.

# АЗАМАТТЫҚ ПАТРИОТИЗМ

Досым, сен осы бөлімде мына мәселелерді зерделейсің:

- Қазақстан халқының тұтастығының сыры неде екенін ұғасың;
- Отанға деген сүйіспеншілік отбасына деген махаббаттан басталатынын түсінесің;
- халықтың ішінен шыққан патриоттардың еңбегімен танысып, оны өзіңе үлгі тұтасың.



**Меңгерілетін білім:**

- «Бірлік», «татулық», «келісім» ұғымдарының мағынасын терең білу;
- Отбасында, сыныпта, қоғамдық орындарда тату өмір сүрудің маңыздылығын ұғыну;
- Бірлік, татулық пен келісімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін түсіну.

**Кел, ойланайық!**

- «Бірлік», «татулық», «келісім» ұғымдарының қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?
- Тату өмір сүрудің жеке адамға және қоғамға қандай әсері бар?
- Қоғамның дамуы бірлік пен татулыққа тікелей байланысты ма?

**Түйін сөздер**

Бірлік  
Татулық  
Келісім

**Бұл маңызды**

Қазақстан халқы Ассамблеясы — 1995 жылғы 1 наурызда құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. Қазақстандағы барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа біріктіріп, тұрақтылықты сақтау мен ел дамуына үлес қосып келеді.

**ҚР Президенті**

**Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
2023 жылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында  
сөйлеген сөзінен үзінді**

...Бірлік дегеніміз – мақсатымызға апаратын жол ғана емес, бұл – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі. Мен бұған дейін де айттым: еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет. Бұл – жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек. Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ

жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Бұл қызмет ешқашан тоқтамайды, үздіксіз жалғаса береді. Өйткені бірлік болса ғана, тірлік болады. Біз осы мызғымас қағидаға әрдайым адал болуымыз керек.

Біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымызбен астасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы. Біздің паспортымызды иелену халықаралық аренада беделді елдің азаматы болу және дүниежүзін кедергісіз шарлауға мүмкіндік алу, өзінді қазіргі әлемнің ажырамас бөлшегі ретінде сезіну дегенді білдіреді. Демек, азаматтарымыз әрдайым және барлық жерде өз мемлекетінің қорғауында болады деген сөз.

Өз кезегінде көк байрағымыз – қасиетті тәуелсіздігіміз бен көпқасырлық мемлекеттілігіміздің жарқын белгісі. Туымыз ірі халықаралық спорт жарыстарында және басқа да шараларда жоғары көтерілген сайын, біздің бойымызды елімізге деген мақтаныш сезімі кернейді. Даңқты отандастарымызды – спортшылар мен мәдениет қайраткерлерін, ғалымдар мен студенттерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі «қазақтар» деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс.

Біздің қоғам – ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Сондықтан бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ ұлтының мүшесі сезінеді.

Қазақстандағы барлық этнос өкілдері қазақтың болмысын бойына сіңіруде. Елімізде қазақтың салт-дәстүрін ұстанатын өзге ұлт өкілдері өте көп. Қазақстан – олардың туып-өскен, ержеткен, білім алған, отбасын құрған қастерлі мекені, Отаны. Этносаралық және конфессияаралық келісім, өзге мәдениетке толерантты болу – біздің баға жетпес байлығымыз, ұлттық брендіміз...

Ұлы Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек» деген сөзі бар. Расында, санасы сергек, жауапкершілігі жоғары адамдар ғана қоғамды жаңғыртады, түрлі этностар мен мәдениеттердің басын қосқан ұлтымызды алға қарай жетелейді. Әр азаматтың Отанға деген сүйіспеншілік сезімінен, туған елінің тағдырына бей-жай қарамайтын жауапкершілігінен ұлтымыздың жаңа сапасы көрініс табады. Еліміздің барлық азаматы үшін ең дұрыс өмірлік ұстаным осы деп санаймын. Менің ойымша, еліміздегі үйлесімді этносаралық қатынастың сыры да осында. Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы да бірлікке, татулыққа және өзара тілектестікке негізделуі керек.

*akorda.kz*




### Талда!

- <https://www.akorda.kz> сайтынан мәтіннің толық нұсқасын оқып, негізгі ойды талда.
- Халықтар арасында татулық пен бірліктің негізі неде деп ойлайсың?
- Көк паспортымыздың халықаралық аренадағы қандай басымдықтарын білесің?
- Отанға деген сүйіспеншілік, туған елінің тағдырына бей-жай қарамайтын жауапкершілік өз бойыңнан табыла ма?
- «Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, ұжымда, үйде де дәріптелуі қажет» деген пікірмен келісесің бе? Өз отбасында бауырмалдық сақтала ма? Нақты мысалдармен дәлелдеп, әңгімеле.



### Анықта!

Мәтіннен және QR-code-тан елін сүйген азамат, батыр дәрежесіне жетудің қадамдарын анықтап, сатылап жаз. Бауыржандай тағы қандай батырларды білесің?



Ешкім азамат болып тумайды. Өнегелі ата-ананың тәліміне сусындап, адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмалдық рухта ержеткен бала, мектеп, қоғам тәрбиесін де бойына жақсы сіңіреді. Азаматтықтың, батырлықтың бір негізі бауырмалдықтан шығады. Ерлік аспаннан түспейді, ол Отанды сүюден туады. Ал Отанды сүю үй ішіңнен, отбасынан өрбиді. Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлап, құрметтеген адам халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген – ер атанады. Өйткені ерлік білекте емес, елін сүйген адал жүректе...

*Бауыржан Момышұлы*



### Сәйкестендірі!

Кестеде берілген ұғымдарды анықтамаларымен сәйкестендірі.

Ұғымдар	Анықтамалары
Татулық	Адамдардың бір-біріне қалтқысыз сенуі, бір мүдделі, ортақ көзқараста болуы, рухани жақындық
Достық	Гуманистік, демократиялық және толеранттылық сипаты басым этносаралық және конфессияаралық қатынас
Бірлік	Қоғамда, отбасында, ұжымда тыныштық пен береке-бірліктің артуы үшін қажет табиғи тұтастық
Ұлтаралық келісім	Адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың белгісі



### Даналардан шыққан сөз

Мәтінді оқы. Автордың қазақ халқынан үйреніп, бойына дарытқан жақсы қасиеттерін анықта.

Менің қазақ ауылында өскенімді бәрі біледі. Мені бірде-бір рет ренжіткен қазақ болған жоқ. «Гера, Геражан» деп атап, ауылдың сүйіктісі болдым. Менің адам болып өсуіме қазақтар көп әсер етті. Той-томалақтан қалмадым. Шалдар төттінің тәуірін, дәмдісін, жіліктің майлысын маған беретін. Менің жүрегімді мейірімділікке толтырған, ыза-кек, қызғаныш, өшпенділік дегеннен аулақ сақтап қалған осы қазақ ауылы болды деп ойлаймын. Мен қазақтың алдында осы үшін де қарыздармын. Адами қасиеттеріммен қалдым. Барды қанағат тұту, міне, бұл да маған қазақтан жүкқан қасиет.

*Герольд Бельгер*



### Жасап көр!

Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

«Бірлік» тобы	«Татулық» тобы	«Келісім» тобы
ҚР Президентінің сөзінен түйінді ойларды іріктеп, кластер құрастырады.	Г.Бельгердің сөзін негізге алып, ұлтаралық татулықтың маңызы туралы постер жасайды.	Этносаралық және конфессияаралық келісім туралы бейнеролик дайындайды.



### Ойлан!

Тест тапсырмаларын орында.

- Келісімге келу дегеніміз:
  - атақ, даңқ, беделді арқа тұту
  - ар-намыстың тазалығына сүйену
  - даулы мәселелерді шешуді үйрену
- Ынтымақ дегеніміз:
  - бір іске жауаптылық, міндеттілік
  - өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, қараудың белгісі
  - түрлі мүдделі топтардың бейбіт қатар өмір сүруі
- Қоғамға қызмет ету:
  - әрбір адамның шын ықыласпен, қалтықсыз істейтін азаматтық борышы
  - науқандық шараларға байланысты мақсатты түрде істелетін іс-әрекеттер
  - қоғамдағы белгілі бір топтар айналысатын іс-әрекет



### Ойна да ойла!

Ребусты дұрыс шешкенде, татулық пен ынтымақ туралы мақалды оқисың.

1



”””



”



,

”

T



”””””



”””



””



### Жадында сақта!

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 39-бап: Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.



### Зертте!

Джон Кеннедидің: «Ел мен үшін не істей алады?» деп сұрама, «Ел үшін өзім не істей аламын?» деп сұра», – деген нақыл сөзін негізге алып, өз бетіңше ізденіп, төмендегі қадамдарды басшылыққа ала отырып, елге, Отанға қызмет етудің жобасын жасап, қорға.

1. Не істеу керек?
2. Бұған қалай жетуге болады?
3. Іске асырудың жолдары мен құралдарын анықта.
4. Жүзеге асыр.



### Білімді тексер!

- Ел болудың, мемлекет болудың негізгі шарты не?
- Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт өкілдері тату-төтті өмір сүру үшін қандай принциптерге сүйенуі керек?
- Қазақстан Республикасы азаматтарының өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, қазақ ұлтының мүшесі ретінде сезінуінің себебі неде?
- Бауыржан Момышұлының «Ерлік – білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе» деген сөзін тақырып етіп алып, дәлелді эссе жаз.

### Дәлелді эссе жазуға қойылатын талаптар

**Кіріспе бөлім.** Кіріспеде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақтар, дәйексөз және т.б. болады.

**Негізгі бөлім.** Әдетте негізгі бөлімнің өзі бірнеше тармақшалардан тұрады:

- тезис (дәлелді пікір);
- дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер);
- тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап).

Дәлелдер оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін айтылған пікірлер (өмірден алынған түрлі жағдайлар, ғалымдардың пікірі, дәлелдемелер) болады.

**Қорытынды.** Негізгі бөлімдегі әр тезис бойынша жасалған қорытындылар біріктіріліп, келтірілген дәлелдер негізінде логикалық қорытынды жасалады.

**Меңгерілетін білім:**

- Отанымыздың келешегі тәрбиелі жастардың қолында екенін ұғыну;
- Отанға деген сүйіспеншіліктің отбасына деген махаббаттан басталатынын түсіну;
- Туған елге, өскен жерге өз шамасына қарай қызмет ету әр азаматтың парызы екенін білу.

**Кел, ойланайық!**

- «Отан» дегенде ойыңа не келеді? Қандай сезімде боласың?
- Отанды сүйетініңді іспен қалай дәлелдейсің?
- Отанға қалай қызмет етуге болады?
- Отанымыздың дамуы мен көркеюі кімге және неге байланысты деп ойлайсың?

**Түйін сөздер**

Отан  
Отаншылдық  
Патриот

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Қысқа уақыт ішінде әлемдегі екі жүзден астам мемлекет Қазақстанның тәуелсіздігін мойындап, Қазақстан әлемдік қауымдастықтың беделді бір мүшесіне айналды.

**Тәуелсіздік бәрінен қымбат**

*(Үзінді)*

...Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай, лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім

мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық», – деген.

Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – еліңе, халқыңа шынайы қызмет ету.

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейхан: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», – деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Барша отандастарыма, әсіресе жастарға айтарым: кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысыңа марқайып, әрдайым тілеуінді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалаңдар!

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бірауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

*Қасым-Жомарт Тоқаев*



Талда!

- <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> сілтемесі арқылы мемлекет басшысының жолдауымен толық таныс.
- Автор «Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны» деп нелерді атап көрсетті? Неліктен?

- Жолдауда жастардың білімі мен тәрбиесіне басымдылық берілуінің себебі неде?
- Отанмыздағы бақытты өмірдің негізі неде деп ойлайсың?
- Сен үшін Отанға қызмет ету деген не?



#### Бұл маңызды

**Тәуелсіздік** – біреуге бағынышты болмау, еркіндік, бостандық. **Мемлекеттің тәуелсіздігі** – мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі.

**Бостандық** – адамның не жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы.

**Отан** – адамның өзінің, ата-бабасының туған, кіндік қаны тамған жері, өскен, өнген елі. Өзің тұратын, өмір сүретін, оқитын не қызмет ететін жерің.

**Патриотизм, отаншылдық, отансүйгіштік** (грек. *patris* – «Отан») – Отанға, туып өскен жерге, елге, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезім. Қазақстандық патриотизм – елдің бүгінгі тұрақты өмірі мен жарқын келешегі жолындағы азаматтардың еңбегі мен күрескерлігі. Өз ұлтын, туып өскен жерін сүйіп, оған адал қызмет еткен адамды «отаншыл» дейміз.



#### Жадында сақта!

Көшпелі қазақ өркениетінде отаншылдық ең қасиетті міндеттердің бірі болып саналды.

Жалпы, «патриотизм» сөзі ежелгі гректің *patris* – «атамекен» сөзінен шыққан. Отаншылдық, отансүйгіштік, патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі. Өз салт-дәстүріне құрмет, ұлты мен елінің жеңістеріне мақтаныш – осының барлығы патриотизмге тән қасиеттер. Қарапайым сөзбен айтқанда, Отанға, тілге, салт-дәстүрге, мәдениетке деген сүйіспеншілік.

Жалпы, отансүйгіштік – қасиетті сезім. Қайда жүрсе де, адамға қуат беретін – өз атамекені. Нағыз патриот, шын отансүйгіш адам қандай да бір сынақтан сүрінбей өтеді. Сондықтан қай уақытта да елден жер аудару ең ауыр жазалардың бірі болып саналады. Оны тек өлім жазасымен салыстыруға болатын шығар.

Отанға деген сүйіспеншіліктің табиғаты жұмбақ. Адам кенеттен патриот бола алмайды. Бұл сезім ұзақ жылдар мен өмір тәжірибесі арқылы санада біртіндеп қалыптасады.

*ruh.kz*



Даналардан шыққан сөз

Жазушы Әбіш Кекілбаевтың мақаласын оқып, «Отан», «ата-мекен», тәуелсіздік» сөздерінің арасындағы мағыналық байланысты анықта.

### **Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие**

Дүниеде тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халық та жоқ. Сол жолдағы тынымсыз күрес те тоқтап көрген емес. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз – тек бір ұрпақтың, бүгінгі ұрпақтың ғана емес, барша ұрпақтың еңбегі.

...Алдымен, алдымызда тұрған басты мұратты, оған жетер жолда ұстанар басты қағидаларды айқындап алуымыз қажет. Басты мұрат – қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейлінше бекем болу. Ол үшін әлемдік тәжірибеде үстем түсіп жатқан ұтымды жолдарды өз шамашарқымызға лайықтап, уақтылы игере білу керек. Сол арқылы өзгелердің бастан кешіріп жатқан әлеуметтік-экономикалық гүлденуіне жету қажет.

«Өзгелердің қолынан келген іс неге менің қолымнан келмейді?» деп ойлау – адамды да, халықты да қатарға қосатын намыстылық. «Өзгелердің қолынан келген менің қолымнан келмейді» деп ойлау – қатардан қалдыратын намыссыздық. Ондайлардың екі дүниеде де обалы жоқ. Оларға ешкімнің жаны ашымайды. Намыстыға ғана қолдау көрсетіп, намыстының ғана жоғы жоқталады.

Біз де көздеген мақсатымызға тәуелсіздік пен бостандықты қолдайтын күштердің көмегімен ғана жете аламыз. Олай болса, артқа жалтақтамай, алға ұмтылғанмыз дұрыс.

...Тәуелсіздігіміздің негізгі рухани тірегі, болашағымыздың негізгі рухани кепілі – байырғы халқымыз.

*Әбіш Кекілбаев*




Жасап көр!

I топ Ә.Кекілбаевтың сөзін негізге алып, сызбаны толтырады.



II топ Президент Жолдауынан түйген ойларын сызба түрінде жазады.



III топ Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету» деген сөзін басшылыққа алып, «Мен Отанымға не бере аламын?» тақырыбында эссе жазады.



### Зертте!

«Елге адал қызмет ету» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргіз. Зерттеу нысанын өзіңнің айналаңнан, жақын адамдарыңнан және газет-журналдардан, интернеттен ізде.

Төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, әрекет ет.

1. Менің кейіпкерім.
2. Оның маған кейіпкер болуының себебі.
3. Кейіпкердің жетістікке жетуінің сыры.
4. Кейіпкерімнің бойындағы сегіз жақсы қасиет.



### Ойна да ойла!

Берілген тізбексөзді дұрыс шешкенде, Қазыбек бидің нақыл сөзі шығады.

1	2	3	4	5		6	7	8		9	3	1	5		10	4	11	12	1	3
---	---	---	---	---	--	---	---	---	--	---	---	---	---	--	----	---	----	----	---	---

1 2 3 4 5 – асыл тас.

6 7 8 – құстың баспанасы (тәуелдік жалғауының II жағында).

9 3 1 5 – атамекен, атажұрт, туған жер.

10 4 11 12 1 3 – «арзан» сөзінің антонимі.



### Білімңді тексер!

1. Отанға, елге адал қызмет ету дегенді қалай түсіндің?
2. Отанға, елге, қоғамға адал қызмет етудің нақты жолдары туралы не білдің?
3. Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін, бостандығымыз бен теңдігімізге қауіп төнбеуі үшін қандай саясат ұстанған дұрыс деп ойлайсың?
4. Сабақты жақсы оқу, тәртіпті болу, өз шаруаңа ұқыпты болудың өзі сенің Отаныңа жасаған қызметің екен. Олай болса, Отаныңа адал қызмет жасау үшін алдағы уақытқа қандай жоспарларың бар?

**Меңгерілетін білім:**

- Ұлтын сүйіп, өз тарихын, туған тілін құрметтеу, салт-дәстүрді дәріптеу, ұлттық қадір-қасиетті арттыруға өз үлесін қосу – осының бәрінің Отанды сүйу екенін білу;
- Өз Отанын, елін сүюді тек сөзбен емес, іспен көрсетудің маңыздылығын түсіну;
- Туған ел, өскен жерге шамасына қарай қызмет етуге бағыттау.

**Кел, ойланайық!**

- Елдің тәуелсіздігінің баянды болуы кімге, нелерге байланысты?
- Туған жеріңнің тарихын білесің бе?
- Кімдерді мәдени-тарихи дәстүрлерді сақтаушылар дейміз?
- Туған ел, жерді қорғап қалған батырлар қандай өнер туындыларын білесің?

**Түйін сөздер**

Патриот  
Азаматтық  
Азаматтық парыз

**Жас ұрпаққа өсиет**

Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс арғы ұрпақ! Әр әке балам бақытты болса екен, үрім-бұтағым үзілмесе екен деп тілейді. Ұлы Отан соғысында қабырғадан қан кешіп жүріп, біз сендерге бақыт әпердік, жас ұрпақ. Ол – қазіргі кең жазира Отаның сенің. Өйткені Отансыз өмір, онсыз қуаныш жоқ. Соны көздің қарашығындай сақтаңдар. Елді, жерді, қоғамды сақтап қалу – сенің борышың, келешек ұрпақ.

Ұзын бой қысқарады, үлкен дене кішірейеді, адам ақыры өледі. Ол – табиғат заңы. Адам өлгенімен, оның еңбегі өлмейді. Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін аяусыз еткен еңбек пен ерліктен туады...

Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Отаншылдық өз үйіңнен басталады... Үйде бауырмал болмаған түзде патриот болмайды. Өз ауылының тасын сыйламаған өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеуі аспан мен жердей екенін жастар ажырата білуі шарт.

Намыс – азаматтың алтын туы. Әкешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. «Оларды ұялтпайын, сүйегіне таңба түсірмейін, ата-анамды, ағайын-жұртымды жерге қаратпайын» дейді. Ер жігіттің елі – ата-анасы. Отаны – өз үйі.

Патриотизм – «Отаным, сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуға әзірмін» деп құрғақ сөзді гүмпілдете беру емес. Ол – формализм. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігіңді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруақор, адал, әділ болып өседі. Іс деген – осы, патриотизм осыдан басталады.

Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы – адамгершіліктің ең асыл парызы. Ал еңбекшілдік, білімділік, тәртіптілік, тәлімділік, шыдамдылық – армия үшін ең қажет қасиет.

Ей, жүз жылдан кейінгі, мың жылдың ар жағындағы үрім-бұтақ, жұрағат, жас ұрпақ! Естисің бе менің үнімді, жете ме саған менің дауысым? Жетсе, бүгінгі баламыздан бастап, көпұлтты Отанымыздың болашақ ұрпақтарына айтар екі ауыз сөзім бар. Ол – «Отанды сүйіңдер, оны қорғандар, оған қызмет етіңдер!» деген сөз. Ол – «Халықтар достығын қадірлендер, қасиеттеп ұстандар!» деген сөз.

*Бауыржан Момышұлының  
Әзілхан Нұршайықовқа берген сұхбатынан үзінді*



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ



#### Талда!

- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Отанға қызмет ету, өз азаматтығымызды көрсету деген не?
- «Намыс», «патриотизм» сөздерінің мағынасын өз сөзіңмен айтып бер.
- Отан үшін, ел үшін қандай азаматтық танытып жүрсің?
- «Отансыз өмір, онсыз қуаныш жоқ» дегенді қалай түсінесің?
- Өз бойыңда отаншылдықты қалай қалыптастырар едің?



#### Бұл маңызды

**Патриот** – ұлтын сүйетін, өз тарихын, туған тілін құрметтейтін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрін дәріптейтін,

ұлттық қадір-қасиетімізді арттыруға үлес қосатын, туған елі үшін үнемі тер төге қызмет ететін саналы тұлға.

**Азаматтық** – адамның адамға, қоғамға қарым-қатынасы барысында көрінетін жақсы қасиеті, ел үшін тер төгіп, борыш, міндет, парызын орындауы.

**Азаматтық парыз** – жеке тұлғаның туған жер, атамекен, Отан, халық алдындағы парызы.



#### Жадында сақта!

Еліміздің бүгінгі мен келешегі үшін жасаған игі ісіміз – дәл қазір айналысып отырған ісімізге деген зор жауапкершілігіміз, әрбір істе ниетіміз бен ойымызды жақсылыққа бағыштап, ешкімге, еш нәрсеге қиянат жасамау.

Оқуымызға, ісімізге деген адалдығымыз бен жауапкершілігіміз Отанымыздың, еліміздің игілігіне айналады.



#### Сөйкестендір!

Кестеде берілген ұғымдарды анықтамасымен сөйкестендір.

Ұғым	Анықтамалары
Намыс	Белгілі бір мемлекеттің, саяси бірлестіктің тең құқықты мүшесі және оның барлық саяси құқықтарына ие тұлға
Ұлттық намыс	Ар-ожданнан бастау алатын, отансүйгіштікпен ұштасатын рухани-құндылық сезім
Азамат	Отаншыл азаматтың өз ұлтын, халқын сүйі, ана тіліне, ұлтының мәдениеті мен салт-дәстүріне деген құрметі



#### Жағдаяттық тапсырма

Жағдаяттарды шеш. Өзің осындай жағдайларда қандай азаматтық көрсетер едің? Ойыңмен бөліс.

**1-жағдаят.** Мектептен қайтып келе жатып, көшеде ілінген қазақ тіліндегі жарнамадан өрескел қатені көздерің шалды. Араларыңнан бір қыз бала мұның көкейкесті мәселеге екенін, әрбір тілін сүйетін адамның мұндайға бей-жай қарамауы керектігін айтып қиыжылды. Алайда басқалары оған

немқұрайдылықпен қарап, араласпау қажеттігін ұсынды. Сенің әрекетің.

**2-жағдаят.** Орталық саяжайда ағаштың көшеттері жаңадан отырғызылыпты. Жас шыбықтар енді сән түзеп, өсіп келе жатыр екен. Қарасаң, көзің тояды. Бірен-саран ағашты жел майыстырыпты. Сондай майысып, сынғалы тұрған бір бұтаны егде жастағы ағай түзеп, жіппен байлап қойды. Мұны көрген жас жігіт: «Ағаштарды күтетін қызметкерлер бар емес пе? Несіне әуреленесіз?», – деді. Сенің әрекетің.

**3-жағдаят.** Мемлекеттік ұйымның бірінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік туында белгіленген нысан, өлшем мен техникалық талаптардың бұзылуын, ұлттық стандарттарға сәйкессіздікті байқадың. Сенің әрекетің.



#### Даналардан шыққан сөз

Нақыл сөздерді оқып, ой түйінде. «Елім – менің жүрегімде» тақырыбында бейнеролик дайында.

Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден.

*Әлихан Бөкейхан*

Опасызда Отан жоқ. Отанда опасызға орын жоқ.

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

*Бауыржан Момышұлы*

Отан – біздің ең үлкен анамыз. Әркім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәмеппеуі тиіс. Бұл – оның азаматтық борышы.

*Мұхтар Шаханов*



#### Зертте!

1. Күнделікті өзің өмірден көріп жүрген не теледидар мен газет-журналдар арқылы танытын адамдардың арасынан кімді нағыз патриот деп санар едің? Патриот адамның портретін жаса.
  - 1) адамгершілік іс-әрекеті;
  - 2) адамға, қоғамға қарым-қатынасы барысында байқалған жақсы қасиеттері;
  - 3) Отан алдындағы парызын орындаудағы нақты іс-әрекеттері.

2. Төмендегі іс-шараның бірін таңдап алып, «Жақсылық керуені» әлеуметтік жобасын өткізудің жоспарын жаса:
- 1) ерекше қамқорлықты қажет ететін жандарға мәдени іс-шаралар;
  - 2) шығармашыл жастарды қолдау бойынша іс-шаралар;
  - 3) өмірлік қиын жағдайға тап болған жандарды әлеуметтік-психологиялық қолдау.



#### Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Патриот дегеніміз:
  - А) өз ісін адал атқаратын адам
  - Ә) Отанын шынайы сүйетін, ел мүддесі үшін аянбайтын адам
  - Б) елге қызығушылық танытып, саяхаттап келген турист
2. Патриотизм дегеніміз:
  - А) әдептілік нормаларына сөйкес адам мінезінің қасиеттері
  - Ә) өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен қарау
  - Б) күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау
3. Азаматтық парыз:
  - А) адамға тән байыптылық, байсалдылық
  - Ә) қоғам арасындағы ұйымшылдық, бірлік
  - Б) халық, ұжым алдындағы адамгершілік борыш



#### Біліміңді тексер!

- «Отаным, сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуға әзірмін» деп құрғақ сөзді гүмбілдете беру патриотизм емес» екен. Сеніңше, патриотизм оқушының бойынан қандай жағдайда көрінуі керек?
- Әлеуметтік жағдайы төмен жандарға көмектесу де Отанға, елге адал қызмет етуге жата ма? Жақындарың мен жай ғана таныс адамдарға көмектесу (қаржылай ғана емес) қолыңнан келе ме?
- «Елім үшін не істей аламын?!» тақырыбында әлеуметтік идеялар және жобалар жәрмеңкесін ұйымдастырып, қысқа бейнеролик түсіріп, әлеуметтік желіге жүкте.

## III БӨЛІМ.

# МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Досым, сен осы бөлімде мына мәселелерді зерделейсің:

- медиасауаттылығыңды дамытып, бейнехостингтерді қолдана аласың;
- отбасы қоры, отбасы кірістері мен шығыстарын бақылауды меңгересің;
- өмірімізде көп кездесетін тұрғын үй несиесі жайлы да білетін боласың;
- жоспарсыз сатып алудың зиянын түсінесің.



## ● Меңгерілетін білім:

- «Бейнехостинг» ұғымының мәнін ашу. Бейнехостингтің қалай қызмет ететінін түсіну;
- Бейнехостинг сайттарының мазмұндық, тақырыптық ерекшеліктерін зерделеу;
- Өлеуметтік желілердегі жалған танымалдық мәселесіне өз көзқарасын айта алу.

## ● Кел, ойланайық!

- «Бейнехостинг» ұғымы туралы не білесің?
- Қандай YouTube арналарын көресің? Сенің YouTube арнаң бар ма? Егер YouTube арнасын ашсаң, қандай тақырыпта жүргізер едің?
- «Жалған танымалдық» деген тіркесті қалай түсінесің?



## Түйін сөздер

Бейнехостинг  
Преролл  
Хэштег  
Тікелей трансляция жасау

## Бейнехостинг деген не?

**Бейнехостинг** – бейнежазбалар орналастыруға болатын онлайн-платформа. Дәлірек айтқанда, **YouTube** және **Vimeo**, **Aitube.kz**, **Instagram** сияқты сервистер (*4-сурет*).



4-сурет. Бейнехостингтер

Осындай сервистерге орналастырылған алуан түрлі тақырыптағы роликтерді миллиондаған көрермен көреді.

Бейнехостингтің пайдасы неде?

Мұнда көрермендер өздеріне қажетті ғылыми, танымдық т.б. ақпараттар алады. Түрлі контенттерді тамашалайды: концерт, фильм, подкаст, интеллектуалды ойындар, теледидарлардың материалдары, жаңалықтар, психолог, кәсіпкерлердің кеңестері т.б.

Бизнес тұрғысынан, бейнехостинг – аудиториямен байланыс орнатудың, өз брендин ілгерілетудің, өзін жарнамалаудың және басқа да көптеген маркетингтік міндетті орындаудың қосымша тәсілі. Бейнехостингті ірі корпорациялар да, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер де пайдаланады. Себебі хостинг – олар үшін ақша әкелетін тиімді құрал.

Осылайша музыкант, суретші немесе тартымды контент жасай алатын

блогер де табыс таба алады. Өйткені жазбаларды жариялауға арналған барлық платформа контент авторларына контентті монетизациялаудың бірнеше тәсілін ұсынады. Мәселен, бейнежазба басталар алдында немесе ортасында жарнамалық преролды немесе жарнамалық интеграцияларды көрсету.



#### Бұл маңызды

**Преролл (pre-roll)** – негізгі бейнеконтентті көрсету басталғанға дейін автоматты түрде іске қосылатын ұзақтығы 30 секундқа дейінгі жарнамалық ролик.

**Хэштег** дегеніміз – # (торкөз). Ол сөздің алдына жазылады. Хэштег не үшін қажет? Хэштег парақшаны тез табуға көмектеседі. Instagram-да барлығы керек мәліметті хэштег арқылы іздейді. Пост жазғаннан кейін, сол постқа байланысты хэштег жазып кетуге болады. Мысалы: #кітапоқыпжарысайық, #кітапкөрмесі, #BookVibe, #оқулықтар және т.б.

Бейнехостинг жаңа аудиторияны тартуға мүмкіндік береді, қолданыстағы тұтынушылардың сенімділік деңгейін арттырады. Сондай-ақ бұлтқа қыруар ақша төлемей-ақ контенттерді бейнехостингті тегін сақтау орны ретінде пайдалануға болады.

**YouTube** (ютуб) – пайдаланушыларға бейнежазбаны сақтау, бөлісу және көрсету қызметін ұсынатын бейнехостинг қызметі. Күн сайын терабайттармен толықтырылатын үлкен контент базасы бар, желіде бейнежазба жариялауға болатын ең танымал, ең тиімді және ең табысты алаң. Бейнехостинг пайдаланушылар қызметті пайдалану ережелері мен саясатын бұзбай, бейнежазба жүктеуіне, көруіне, бағалауына, пікір (комментарий) білдіруіне, таңдаулыларға қосуына болады және бейнежазбалар мен қысқа жазбаларды басқа адамдармен бөлісе алады.

YouTube-те «Авторларды марапаттау» бағдарламасы бар. Хостингті белсенді қолданып, оқырмандар санын 100 мыңға жеткізген қолданушы күміс батырма алады. Миллион оқырманы бар автор алтын батырмаға, он миллион оқырманы бар қолданушы гауһар батырмаға, жүз миллион оқырманы бар автор қызыл гауһар батырмаға ие болады.

Платформа түрлі бағытта жұмыс жасап, жылдан жылға жұмысын жетілдіріп келеді. Соның ішінде балаларға арналған бағыттарды да дамытады. **YouTube Kids** – YouTube әзірлеген

мобильді қосымша. Бұл қосымша балаларға арналған, белгілі бір талаптарға сай мазмұнды ұсынады, ата-ананың бақылау мүмкіндігі бар және 12 жастағы немесе одан кіші балаларға арналған бейнежазбаларды сүзгіден өткізіп, жарамдысын таңдап, балаларға қолайлы мазмұнды ұсынады.

**Aitube.kz** – 2021 жылы іске қосылған Қазақстандағы YouTube аналогі, қазақстандық контент нарығын дамытуға бағытталған отандық тегін бейнехостинг. Бейнехостингтен таңдаулы телешоуларды, отандық блогерлер мен вайнерлерді, стендап шоуларды және т.б. бейнежазбаларды көруге болады. Хостингтің интерфейсі қолдануға өте ыңғайлы, қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, тәжік, әзірбайжан және ағылшын тілдерінде қызмет етеді. Қолданушылар саны күн санап артып келеді.

**Instagram** – фотосуреттермен және бейнежазбалармен алмасуға арналған қосымша. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқырмандарға жеке суреттерін, бейнежазбаларын «көрсетуге», тікелей трансляция жасауға мүмкіндік береді. Кеңейтілген іздеу параметрі фотосуреттің астында көрсетілген хэштегтердің көмегімен «жұмыс істейді». Хештегті басқанда біріктіруші сөзі бар ұқсас фотосуреттер шығады. Ең қызығы, фотосуреттер әлемнің түкпір-түкпірінен жинақталады.

**Жалған танымалдық** – біреудің табысты және танымал болып көріну үшін әртүрлі әрекетке баруы. Өкінішке қарай, жалған танымалдылық үшін осындай алаңдарды пайдаланып, қаралым жинау, атақты болу үшін барын салу әрекеттері көбейді, «жұлдыз» болуға ұмтылу жиі көрініс тауып жатады. Мәселен, кей адамдар не компаниялар өздерін әлеуметтік желіде танымал, әйгілі етіп көрсету, өз тауарларына сұранысты арттыру үшін жазылушылардың лүпілі, оң пікірі мен комментарийлерін сатып алды делік. Бірақ бұл халықтың сенімінен айырып, керісінше зиянын тигізуі мүмкін.

Этика принципі медиакеңістікте де сақталуы шарт. Авторлық құқықты бұзып, біреудің контентін өз аккаунтында жариялау да кездесіп қалады. Сондай-ақ бейнехостингтегі контентке пікір білдіргенде авторына тіл тигізбей, әдептілік сақтаған жөн.

Бейнехостингтердің, әлеуметтік желілердің пайдасы бар ма? Бейнелерді (образдарды), дыбыстарды және хабарламаларды талдап, сараптап, бағалап, жеке мақсатта орнымен, тиімді қолданса, ол **медиаसाуаттылық** болып саналады.



### Талда!


1. Бейнехостинг дегеніміз не? Оның адам өмірін жеңілдетуде рөлі бар ма?
2. Әртүрлі ақпарат көздерінен бейнехостинг тарихын тауып, қызықты мәліметтер ізде.
3. Бейнехостингте қандай тақырыптағы контенттердің қаралымы көп?
4. YouTube Kids мобильді қосымшасының маңызы неде?



### Ойлан!

Мәтінді оқы. YouTube-тің сипаттамасы мен шығармашылық жағын бөліп, сызбаға сал. Алғашқы ашылған сөтінен қазіргі уақытқа дейін қандай өзгерістер болғанын сарала.

Брендтің  
сипаттамалық  
жағы



YouTube-ті 2005 жылдың ақпанында Сан-Брунодағы (Калифорния) PayPal-тің бұрынғы үш қызметкері Стив Чен, Чад Хэрдли және Джавед Карим құрған.

Ең бірінші бейне, Сан-Диего хайуанаттар бағындағы Жавед Каримнің әуесқой түсірілімінің 19 секундтық бейнесі, YouTube сайтында 2005 жылдың 23 сәуірінде жарияланған.

Қазір YouTube – ең танымал бейнехостинг, пайдаланушылар саны бойынша әлемде ең алдыңғы орында тұр.

YouTube-те фильмдер, музыкалық бейнелер, трейлерлер, жаңалықтар, танымдық бағдарламалар, әуесқойлардың бейнежазбалары, пьесалар, слайд-шоу, өзiл-сықақ т.б. бар.

YouTube сайты алғаш ашылған сәтiнен берi қазiрге дейiн көптеген жаңа қызмет түрлерiмен толығып, бiршама өзгерiске ұшырады: дизайны, логотипi өзгердi, жаңа қызметтер қосылды, технологиялар жаңарды, балаларға арналған «YouTube Kids» қосымшасын iске қосты, мобильдi құрылғыларға арналған қосымша жасады, «Кеңестер» қызметiн iске қосты, ақылы қызмет енгiздi.



#### Анықта!

Ұғымдарды оларға берiлген анықтамалармен сәйкестендiр.

Ұғымдар	Анықтамалары
Бейнехостинг	бейнежазбалармен және фотосуреттермен алмасуға арналған қосымша
YouTube	отандық тегiн бейнехостинг қызметi
Aitube	ең танымал бейнехостинг қызметi
Instagram	бейнежазбаны браузерде, мысалы, арнайы ойнатқыш арқылы көруге және жүктеп алуға мүмкiндiк беретiн веб-қызмет



#### Оқы, қызық!

#### Танымалдық пен атақ-даңқ сағымы

Психолог Дмитрий Леонтьев: «Танымалдық, атақ-даңқ маңызды iс тындырған, жетiстiкке жеткен немесе ерлiк жасағандармен бiрге жүредi. Бiрақ жаман атағы шығып, жаман атты болғандар да бар. Мәселен, тарихта атын қалдыру үшін ежелгi дүниенiң жетi кереметiнiң бiрi – Эфестегi Артемида храмын өртеп жiберген Геростратты алсақ, өкiнiшке қарай, осылайша ол да өз мақсатына жеттi», – дейдi.

XX ғасырда бұқаралық ақпарат құралдарының пайда болуымен бiрге, адамдардың танымал болуға ұмтылысы, басқалардан асып түсу, бiрегей нәрсе жасау, рекорд орнату, үлкен аудиторияға өзiн көрсету тiлегi басып бара жатыр. Нәтижесiнде, қазiргi кездегi атақ-даңқ – еңбектiң көрсеткiшi емес. Нағыз танымалдық еңбекпен, бiр iстi соңына дейiн жеткiзуге деген құлшыныспен келедi.



### Жасап көр!

Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

**1-топ.** Аitube хостингінің туған жер тарихына арналған материалдарын саралап, шолу жасап, баға береді.

Арна атауы	Көтерген тақырыбы	Мақсатты аудиториясы

**2-топ.** Алаш арыстарының қазақ халқының болашағы үшін күрескен еңбектері туралы Meta-да пост жариялайды.

Ұлт көсемі – Өлихан Бөкейхан	Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы	Ұлт намысы – Міржақып Дулатов

**3-топ.** «Бауыржан Момышұлы – сегіз қырлы, бір сырлы тұлға» деген атауды дәлелдеп, нәтижесін Instagram-да жариялайды. Жобаның алгоритмін жасайды. Төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, әрекет етеді.

1. Бауыржан Момышұлы туралы «Арпалыс» («Волоколамск тас жолы») кітабын топ ішінде бөліп оқып шығады немесе <https://www.instagram.com/elektrondikitar> сілтемесі бойынша аудио нұсқасын тыңдайды.
2. Кейіпкерімнің бойындағы жақсы қасиеттер.
3. Бауыржан Момышұлы – батыр мінезді адам.
4. Бауыржан Момышұлы – жақсы картограф.
5. Бауыржан Момышұлы – ақылды қолбасшы.
6. Бауыржан Момышұлы – жауынгер жазушы.
7. Instagram-да жариялау.



### Жағдаяттық тапсырма

Топқа бөлініп, төменде берілген ой қорытындыларын басшылыққа алып, жағдаятқа айналдырып, көзқарастарыңды дәлелдендер.

1. Ата-аналар балаларының интернеттен не көріп, уақытын қалай өткізіп жатқанын бақылауда ұстауы керек.

2. YouTube-те баланың жеке арнасы болғаны дұрыс, өзі қалаған бейнежазбасын көріп, бейнеролик түсіріп, дағдыларын жетілдіре алады. Дегенмен YouTube-тегі кейбір бейнежазбалар зиян, көруге тыйым салып, шектеу қою керек.
3. Ата-аналары балаларын пайдаланып, бейнежазба түсіріп ақша тауып жатыр. Бұл – жалған танымалдық. Бұл – дұрыс емес.
4. Бейнехостингтерде Отан, туған жер, еліміздің қайраткерлері туралы контенттер көп қаралым жинамайды. Сен осы олқылықты жоюға қалай атсалысар едің?
5. <https://adilet.zan.kz> сайтының <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401> сілтемесіндегі нормативтік-құқықтық заңнамаларды ескеріп жүрсіңдер ме?
6. QR-code арқылы берілген мәліметті тыңдап, талқылаңдар. Бұл болжам адамның жеке шекарасына қол сұғу болмай ма?



#### Жадында сақта!

- 1 байт = 8 бит
- 1 килобайт (Кбайт) =  $2^{10}$  байт
- 1 мегабайт (Мбайт) =  $2^{20}$  байт
- 1 гигабайт (Гбайт) =  $2^{30}$  байт
- 1 терабайт (Тбайт) =  $2^{40}$  байт
- 1 петабайт (Пбайт) =  $2^{50}$  байт
- 1 эксабайт (Эбайт) =  $2^{60}$  байт
- 1 зеттабайт (Збайт) =  $2^{70}$  байт
- 1 йоттабайт (Йбайт) =  $2^{80}$  байт



#### Біліміңді тексер!

- Бүгінгі сабақтан қандай ой қорыттың?
- Бейнехостинг дегенді қалай түсінесің?
- Өз арнаңды дамытып, көрерменіңді көбейтіп, халыққа танымал болғың келе ме?
- YouTube-тағы өз арнаңды дамыту үшін жұмысты неден бастар едің? Өз медиажоспарыңды жасап көр.
- Шын мәнінде табысты және танымал болу үшін адамға қажет қасиеттерді ата.

**Меңгерілетін білім:**

- «Отбасы кірістері», «қор жинау», «отбасылық шығындар» ұғымдарын түсіну арқылы қаржылық сауаттылықты дамыту;
- Отбасылық шығындар көлемі мен себептерін анықтау арқылы өз шығындарын реттеу;
- Ақша жинау, үнемдеу дағдыларын қалыптастыруға тырысу.

**Кел, ойланайық!**

- «Отбасы кірістері», «қор жинау» ұғымдары туралы не білесің?
- «Еңбекқор», «жалқау», «үнемдегіш», «ысырапшыл» ұғымдарында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар?
- Ойын-сауыққа, киімге, тамаққа көп қаржы жұмсау керек пе әлде оқуға, саяхатқа, қайырымдылыққа жұмсау керек пе? Неліктен?

**Түйін сөздер**

Отбасы кірісі  
Отбасы шығыны  
Отбасы қоры  
Жинақтау

**Отбасы бюджетінің құрылымы**

Отбасы кірістері:

- тұрақты жалақы, зейнетақы, шәкіртақы;
  - мерзімді сыйақылар, біржолғы табыстар;
  - маусымдық табыстар;
  - уақытша табыстар.
- Отбасы шығыстары:
- тұрақты (азық-түлік, шаруашылық тауарларын сатып алу, коммуналдық қызметтерді, жолақы, оқу ақысын және т.б. төлеу);
  - бизнеске (тауарларды сатып алу, орынды жалға алу және т.б.);
  - жоспарланған отбасылық шаралар және басқа оқиғалар;
  - болжанбаған шығындар;
  - кредиттер бойынша төлемдер (отбасында кредит болмауы да мүмкін).

Отбасындағы кіріс пен шығысты бақылау үшін қаржылық мақсаттар қою керек. Мақсаттар әртүрлі болуы мүмкін: қысқа, орта мерзімді мақсаттар және ұзақ мерзімді мақсаттар. Мақсаттарды анықтағаннан кейін олардың әрқайсысына жету шығындарын есептеп, жету мерзімдерін белгілеу керек.

Қаржылық мақсаттар қою үшін не қажет:

1. Қандай соманың қажет екенін анықтау;
2. Мақсатқа жету мерзімін білу;
3. Белгілі бір соманы ай сайын жинау.

**Депозит** немесе банктегі салым – пайыз түрінде табыс алу үшін банкке берілген қаражат. Сіз өз жиған ақшаңызды банкке уақытша пайдалануға бересіз, есесіне ай сайын салым сомасынан белгіленген мөлшерде сыйақы аласыз. Салым бойынша пайыз неғұрлым жоғары болса, табысыңыз соғұрлым көбірек болады.

Банк бұл ақшамен түрлі қаржы операцияларын жүргізіп, осыдан түскен кірісті пайыз түрінде сіздің ақшаңызға қосып отырады. Демек, депозиттегі ақша құр жатпайды, көбейе береді.

Депозит – ең қауіпсіз инвестициялық құралдардың бірі. Қазақстанда депозиттерге кепілдік беру жүйесі жұмыс істейді. Егер банк банкротқа ұшыраса, қазақстандық Депозиттерге кепілдік беру қоры салымшыларға өтемақы төлейді.

Салым бойынша пайыздар екі жолмен есептеледі: қарапайым және күрделі. Қарапайым пайыздық мөлшерлемені есептеу формуласы:

$$\text{пайыздың сомасы} = \frac{\text{депозит сомасы} \times \text{пайыздық мөлшерлеме}}{100} \times \frac{\text{депозит мерзімі}}{365}$$

Күрделі пайыздың қарапайым пайыздан айырмашылығы – банк есептелген пайыздарды салымшыға жібермей, оларды депозиттің негізгі сомасына қосады. Келесі кезеңде сыйақы тек салымның бастапқы сомасына ғана емес, пайыздарға да есептеледі.

Күрделі пайыздық мөлшерлемені есептеу формуласы:

$$\text{пайыз сомасы} = \text{депозит сомасы} \times \left( 1 + \frac{\text{пайыз мерзімі}}{100} \right)^{\text{салымның тұрған уақыты}}$$



#### Талда!

1. Отбасы кірістері мен шығыстары туралы не түсіндің? Бұл тізімге қосып-аларың бар ма?
2. Өзіңнің кірісің мен шығысыңды бақылау үшін қаржылық мақсат қоя аласың ба?
3. Отбасы шығындарын қалай азайтуға болады?
4. Отбасы табысын үйде сақтаған тиімді ме әлде банкке депозитке салған ба?



Өңгімеден қандай ой түйгеніңді айтып бер.

### Сараңдық пен жинақтылық

Бірнеше тәуір кісі бір жетім-жесір қалған үй үшін жылу жиямыз деп, әр үйге қыдырып барып жүріп, бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырда ұмытып, далада қалдырғаны үшін қатты ұрысып тұр екен. Ұрысып тұрып айтады:

– Сен білмейсің, ол кішкентай ғана жіп те болса, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес, – деп.

Мұны есітіп, көріп, әлгі жолаушылар өзді-өзі сөйлесті: «Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырдың», – деп сонша кейіп тұрған адам бізге еш нәрсе бере қоймас, аузымызды ауыртпай, келген ізімізбен қайталық».

Ішінде біреуі айтты:

– Неміз кетіп барады, келген соң бұған да айтып кетелік.

Бұл сөзбен байға келіп, сәлем берді. Бай бұларды әдеппен үйіне кіргізді. Сонан соң келгендердің жұмысын естіп, басқаларға қарағанда екі есе көп ақша берді және төрт-бес қап астық беремін деп уәде етті.

Мұнысын көріп, жолаушылар таңданып отырды да, өздерінің далада байды сараңға санағандарын айтысты. Сонда бай:

– Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындай кем-ке-тікке жәрдем беруге қолым жетті. Жинақтылық сараңдыққа қосылмайды, – дейді.

*Ыбырай Алтынсарин*



Жағдаяттарды шеш.

**1-жағдаят.** Отбасы қажеттілігіне (азық-түлік, бауырыңа қыстық аяқ киім т.б.) қаражат жетпей жатыр. Сенде екі жыл қалта шығындарыңды үнемдеп жиған ақша бар. Сенің әрекетің.

**2-жағдаят.** Кіші бауырың не жиенің (аға-әпкеңнің баласы) дүкенде әдемі ойыншыққа қызығып тұр. Сатып алып беруге ақшаң жетеді, бірақ оның бұл ойыншықпен 2–3 күн ғана ойнайтынын білесің. Сенің әрекетің.

**3-жағдаят.** Ата-анаң сенің туған күніңді ойын-сауық орталығында өткізуге уәде етті. Бірақ сол күні атаң не әжең науқастанып қалып, ақша емге қажет болды. Сенің әрекетің.



### Жадында сақта!

1. Күнделікті сатып алған заттарыңды дәптерге жазып қой. Осы арқылы үнемдеуді үйренесің және қажетсіз сатып алудан аулақ боласың.
2. Әр отбасының кемінде 3–6 айға дейін жететін қоры болуы керек. Отбасының асыраушысы ауырып не жұмыссыз қалса, осы қаржыны қолданады.
3. Отбасы табысының 10% -ын «қауіпсіздік қорына» жинап отырған жөн.
4. «Тарта жесең – тай қалар, қоя жесең – қой қалар, қоймай жесең – не қалар?» дегендей, үнемдеу мүмкіндіктерін қарастыр.



### Жасап көр!

1-топ шартты түрде 6 адамнан тұратын бір отбасын мысалға алып, сызба бойынша сол отбасындағы шаруаны басқару мәселелері (жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау) туралы жазады.



2-топ сауалнама жүргізеді. Сауалнамада «Оқу жылының басында қандай заттар сатып алдың? Олардың қаншауы пайдасыз болды? Керексіз, пайдасы шамалы заттарды сатып алуды қалай болдырмауға болады?» деген сұрақтар қояды. Сауалнама нәтижесін жоба түрінде сыныптастарының алдында қорғайды.

3-топ сызбаны талқылап, қай отбасылық бюджеттің тиімді екендігі туралы өз ойларын айтады.



#### Ойлан!

Өміріңде әртүрлі сыйлық алып, өзің де сыйлық берген боларсың. Кейде сыйлыққа көңілің толмаған кездерің болған шығар?! Сенің ойыңша, мына тізімдегі қай сыйлықты пайдасыз деп ойлайсың? Қай сыйлыққа ақша шығындамас едің?

Сыйлықтар тізімі:

1. Өте ерекше, бірақ тек орын алып, шаң жинап тұратын мүсіндер.
2. Сыйлыққа берілген күні ғана ойналатын үстел ойыны.
3. Ақша жинайтын қораптар, ойыншықтар.
4. Стақандар, ыдыс-аяқ, құмыралар.
5. Косметика, сабын, сусабын, душ жинағы.
6. Дүкендердің сыйлық сертификаты.
7. Фото жиектеме.
8. Өтір.
9. Музыкалық аспап.
10. Гүлдер.
11. Жұмсақ ойыншықтар.
12. Саяхаттан алып келген магниттер.
13. Сенің бөлмеңнің стиліне сәйкес келмейтін қабырға суреттері.




### Зертте!

1. Сөздіктерден «бюджет», «кіріс», «шығыс», «отбасы қоры» сөздерінің анықтамасын тауып, ұқсастығы мен айырмашылығын зерттеп, дәптеріңе жаз.
2. Отбасы кірісі мен шығысындағы айырмашылықты реттеу, шығынды азайту, ақшаны жинақтау сияқты мәселелердің шешімін ізде. Мамандардың кеңестерінен өзіңе тиімдісін таңдап, алгоритмін жаса. Оны отбасыңмен талқыла.



### Біліміңді тексер!

- Бүгінгі сабақтан қандай ой қорыттың?
- Отбасы кірісі мен шығысы, қор жинақтау дегенді қалай түсіндің?
- «Еріншектің ертеңі бітпес», «Еріншектің егіні піспес», «Алма піс, ауыма түс», «Еріншекке сылтау көп» деген мақал-мәтелді қалай түсінесің?
- Отбасы шығынының соңғы кезде күрт өсуінің басты себебі неде деп ойлайсың?
- Отбасы қаражатын депозитке салудың тиімділігі мен тиімсіздігі туралы ойыңды ортаға сал.
- Қаржылық қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын Венн диаграммасына жаз.



**Меңгерілетін білім:**

- Отбасы бюджетін жүргізудің маңызын түсіну;
- Отбасы бюджетін жоспарлауға балалардың қатысуының артықшылығын білу;
- Жоспарсыз сатып алуды болдырмау жолдарын үйрену.

**Кел, ойланайық!**

- «Отбасы бюджеті» ұғымы туралы не білесің?
- Отбасы бюджетін жоспарлауға балалар да қатысуы үшін не істеу керек?
- Балаларға ақша не үшін керек? Балалар өздеріне берілген қалтапұлын қалай жұмсайды?

**Түйін сөздер**

Бюджет  
Отбасы бюджеті  
Қалтапұл

**Отбасылық бюджет**

**Отбасылық бюджет** – әдетте бір ай мерзіміне жасалатын, отбасының ақшалай табыстары мен шығындарын реттеу жоспары. Бюджетті жүргізудің басты мақсаты – шығындарды бақылау.

Көп отбасының мәселесі – олар шығынды нақты емес, шамалап біледі. Мамандардың айтуынша, табыс пен шығындардың қарапайым есебін білу шығынның 20%-ын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Әдетте отбасылық бюджеттің ең кең таралған түрі – **бірлескен бюджет**. Мұнда әкесі мен анасы (атасы, әжесі, сонымен қоса ересек балалары) тапқанын ортаға салып, белгілі уақыт аралығында (бір айға) алынған соманы қалай бөлу қажет екенін ақылдаса отырып шешеді. Мұндай әдістің ең басты артықшылығы – отбасы бірлігінің артуында. Балаларымен ақылдаса отырып, шешім қабылдаса, олар жауапкершілікті ерте сезіне бастайды.

Отбасылық кірісті дұрыс бөлу өте маңызды. Сондықтан жалақы алған күні оны бөліп қою қажет. Мысалы, тамаққа, киімге, жолға, коммуналды төлемдерге, үйірмелер мен қосымша сабақтарға т.б.

Бұл мәселеде зерттеушілер мынадай формула ұстанған ұтымды дейді: жинақтау есебі – 20%, өмірлік қажеттіліктерге (киім, тамақ, тұрғын үй) – 50%, білім алуға – 10%, демалуға – 10%, шұғыл жағдайларға – 10%.



### Тапда!

1. Сенің отбасыңда кіріс және шығыс есептері жүргізіле ме? Кім жүргізеді?
2. Отбасы бюджетін жоспарлауға балалар қатыса ма?



### Ойлан!

1. Кестені бағдарға алып, өз отбасындағы бір айлық табыстар мен шығындарды есепте. Әр отбасының ерекшелігіне сәйкес кестедегі мәліметтер өзгеруі мүмкін. Нәтижесін отбасыңмен бірге талқылап, отбасылық бюджетті жүргізу ережелерін белгіле.

Күтілетін табыстар	Сомасы	Күтілетін шығындар	Сомасы
1. Еңбекақы		1. Коммуналдық қызметтер	
1) әкенің табысы		2. Азық-түлік алу	
2) ананың табысы		1) ет	
2. Шәкіртақы		2) макарон	
3. Зейнетақы		3) күріш	
1) атаның		4) сұйық май	
2) әженің		5) сары май	
4. Басқа да табыстар		6) қант	
		7) ұн	
		8) шай	
		9) көгөніс	
		10) жемістер	
		3. Түрлі қызметтер (шашта-раз, химиялық тазалау, көлік жөндеу т.б.)	
		4. Тазалау, жуу құралдары	
		5. Киім-кешек	
		6. Ойын-сауық	
		7. Дәрі-дәрмек	
		8. Кеңсе заттары	
		9. Күтпеген шығындар	
		10. Несие төлеу	
<b>Барлығы</b>		<b>Барлығы</b>	

2. Қазіргі кезде сабақтан тыс уақытта 14 жастан бастап еңбек етуге болады. Сондықтан жасөспірімдер интернетте блог жүргізіп, курьерлік қызмет көрсетіп, басқа да жұмыстар істеп, табыс тауып жүр. Мүмкін сен де солардың бірісің. Алайда кей жасөспірімдердің тапқан табысымен бөліскісі келмей, отбасында кикілжің болып жататындығы да жасырын емес. Ал сен отбасылық шығындарды төлеуге атсалысар ма едің? Жауабыңды түсіндір.



#### Бұл маңызды

**Бюджет** (ағыл. budget – «қоржын») – орталықтандырылған ақша қорының құралу көздері мен жұмсалыу бағыттарын сипаттайтын экономикалық категория, ақшалай кіріс пен шығыстың балансы.

**Отбасы бюджеті** – уақыт бірлігіне (айға, жылға) шаққандағы отбасының кірісі мен шығысы жиынтығы.

**Қалтапұл** – балаға белгілі бір уақыт бірлігіне (күніне, аптаға, айға) берілетін ақша.



#### Оқы, қызық!

**Қалтапұл** – балаға ақша жинауды және жұмсауды үйрететін құрал, өсіп келе жатқан жеткіншектің бұл дағдыны қалыптастыруына мүмкіндік беретін бірден-бір тәсіл. Қалтапұл берудің тағы бір артықшылығы – сабырлы болуға дағдыландыру. Баланың қажет затын сатып алуы немесе ойын-сауық орнына баруы үшін, қалтапұлынан ақша артылдырып, біраз уақыт күтуіне тура келеді. Сөйтіп, баланың бойында шыдам мен төзім қалыптасады, есейгенде оның пайдасы тиеді. Балаларға күтуді үйрету – ортақ мақсаттың маңызды бөлігі, сондықтан бала есейіп кетпей тұрып, қалтапұл арқылы ақша жинауға дағдыландыру керек.

Сонымен, балаға қалтапұл беруді қашан бастау керек? Бірінші сыныптан бастаған дұрыс болар, одан ерте бастаса да, айып емес. Бала санауды білсе, «Ақша қайдан келеді?», «Мына заттың бағасы қанша?» деген сұрақтар қойса – бастайтын сәттің жеткені.

*Рон Либердің  
«Туыннан теңгә құрайтын бала»  
кітабынан*



### Анықта!

Айтылған пікірлердің дұрыс/бұрысын анықта.

Тұжырым	Иә	Жоқ
Отбасылық бюджетке бала үлес қоса алмайды.		
Қалтапұл сабырлы болуға дағдыландырады.		
Қалтапұлдың бір бөлігін үнемдеп, жинауға болады.		
Балаға ақша беруді 10–12 жастан бастау керек.		
5–8 жастан бастап, балалардың қаржылық сауатын дамыту қажет.		
Ақшаның көмегімен әлемді өзгертуге болады.		
Табыс пен шығындардың қарапайым есебін білу шығынды азайтуға мүмкіндік береді.		
Әр отбасының 3–6 айға дейін жететін қоры болуы керек.		
Күнделікті сатып алған заттардың есебін жүргізудің, ақшаны үнемдеудің қажеті жоқ.		



### Жағдаяттық тапсырма

Топтарға бөлініп, берілген жағдаяттарды шешіңдер.

**1-жағдаят.** Супермаркетке кірген сәтте мен мұңдалап тұратын акциялар бар. Көбіне азық-түлікке «50% акция» деп тұрған сәтте адам миында «арзан баға, ертең бітіп қалуы мүмкін» деген ой қылаң береді, солай қажетсіз заттарды алып қою ықтималдығы жоғарылайды. Сенің әрекетің.

**2-жағдаят.** Ата-анаң жүйелі түрде белгілі бір уақытқа (мысалы, 1 айға) қалтапұл беріп тұрады. Бірақ берілген ақшаны мерзімінен бұрын жұмсау қажеттілігі туды. Сенің әрекетің.

**3-жағдаят.** Кітап көрмесіне барып, өзіңе ұнаған кітаптарды сатып алғың келді. Бірақ бір айлық қаржылық жоспарыңда бұл шығын қарастырылмаған. Сенің әрекетің.



### Жадында сақта!

Отбасы бюджетін жүргізудің қарапайым ережелері:

1. Ең қажет дүниені жалақы түскен күні немесе келесі күні алу қажет.
2. Шығын көлемін барынша азайтып, қажетсіз заттарды алмау керек.

3. Ай сайынғы төлемнің нақты есебін шығарып отыру керек. Мысалы, су, жарық, жылу, газ, такси төлемі.
4. Дүкенге бармас бұрын үйге нақты не қажет екенін жазып ал.
5. Сапалы, ұзақ уақыт қолданатын заттарды ал.
6. Сатып алу туралы асығыс шешім қабылдама.
7. Егер сақтайтын орын болмаса, тез бұзылатын өнімдерді көп алма.
8. Шығындарды тұрақты түрде ақша күнделігіне жазып отыр.



#### Жасап көр!

**1-топ «Жоспарсыз не сатып алдың?»** деген сұраққа топ ішінде сауалнама жүргізеді. Жоспарсыз алынған заттардың тізімін жасап, артық шығынды есептейді.

**2-топ** қаншалықты жиі жоспарсыз зат сатып алатынын (күнде, аптасына бір рет, айына бір рет, жарты жылда бір рет, жылына бір рет), оның себептерін саралап, анализ жасайды.

**3-топ** сызбаны толықтырып, талқылайды.



#### Білімді тексер!

- Бүгінгі сабақтан қандай ой қорыттың?
- Отбасы бюджетін жоспарлауда нені ескеру қажет?
- Қазіргі кезде жоспарсыз сатып алудың қандай себептері бар деп ойлайсың?
- «Үнемшіл адам тиыннан теңге құрайды, ысырапшыл табыс тапқанымен, тақырға отырады» мақалын қалай түсіндіресің?

**Меңгерілетін білім:**

- «Тұрғын үй несиесі», «ипотека» ұғымдарын түсіну арқылы қаржылық сауаттылықты дамыту;
- Тұрғын үй несиесін алу-дың пайдасы мен зиянын түсіну;
- Тұрғын үй несиесі, ипотека адамның жауапкершілігін қалай арттыратынын, оның өміріне қалай әсер ететінін ұғыну.

**Кел, ойланайық!**

- «Тұрғын үй несиесі», «ипотека» ұғымдары туралы не білесің?
- «Өз үйің – өлең төсегің» мақалын қалай түсінесің?
- Өз үйіңнің болуы неліктен маңызды?

**Түйін сөздер**

Несие  
Тұрғын үй  
Ипотека  
Несие пайызы

**Қазақ үйі**

Дәстүрлі қазақ қоғамында үйді «үй-жай» деп те атаған. Көшпелі тұрмыс кешкен қазақ халқы, негізінен, киіз үйді пайдаланған. Хан, сұлтан, атақты байлардың үйі 8 қанаттан бастап, 30 қанатқа дейін жеткен. Мұндай үйлерді «ақ ала орда», «ақ орда», «ақ шаңқан», «алтын орда», «алтын үзік» т.б.; ал орта шаруа мен кедей шаруаға тән үйлерді «алты қанат ақ үй», «боз үй», «қоңыр үй», «қара үй», «қалмақ үй» т.б. деп атаған. Уақытша баспананы «лашық», «аран», «жаба салма», «көтерме», «туырлықты», «кепе», «ұранқай», «күрке», «қамсау» (шошала), «итарқа» т.б. десе, жолаушылар мен жорықшыларға тән үйлер – «абылайша», «ақ қос», «қос», «қаңқа», «жоламай» т.б. Сондай-ақ құрым киізден, қамыстан, шиден т.б. киіз үй тектес үйшіктер де салынған.

Үй – әлемдегі әрбір ұлттың жеке мәдениетін айғақтайтын маңызды белгісі.

**Анықта!**

Мәтінде келтірілген үй-жай атауларының суреттерін тауып, анықтамасын жаз. Ұқсастығы мен айырмашылығы неде?

Киіз үйдің түрі	Анықтамасы

«Туған үйдің түтіні жылы» дегендей, әрбір отбасы үйлі болғысы келеді. Алайда көптеген отбасылардың жинаған қоры үйдің бағасына жете бермейді. Дегенмен бұл мәселені банктен ипотекалық несиені алу арқылы шешуге болады.

**Ипотека** – үйлер мен өзге де жылжымайтын мүлік (жер, ғимарат, зауыт т.б.) сатып алуға арналған несиелер. Банк қаржысы жетпейтін адамға тұрғын үй сатып алу үшін ақша береді. Ипотека алушы белгіленген мерзім ішінде пайызбен қайтаруға міндеттенеді. Келісімшартта кредит сомасының бір бөлігі мен пайыз мөлшері белгіленеді. Несиені алушы ай сайын оны төлеп отыруға тиіс.

Ипотека несиесі әртүрлі формада болады. Ипотекалық несиені өтеу мерзімі бес жылдан басталады. Баспанасы мүлде жоқ жанға мемлекет тарапынан бірнеше бағдарламалар ұсынылады.



#### Оқы, қызық!

Халықты баспанамен қамту – еліміздегі өзекті мәселе. Тұрғын үй алудың жеңіл жолдарының бірі – ипотекалық бағдарламалар арқылы алу. Солардың бірнешеуімен таныс бол.


1. «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасы
2. Әскери өнім немесе «Әскери баспана» бағдарламасы
3. «Жаңа баспана» бағдарламасы
4. «Бақытты отбасы» бағдарламасы
5. «Өз үйіңіз» бағдарламасы
6. «Шаңырақ» бағдарламасы
7. «Жас отбасы» бағдарламасы
8. Балаларға арналған «Арнау» депозиті
9. «Ұмай» әйелдер ипотекасы

*ҚазАқпарат*

Ипотекалық несиені алатын адам алдымен бір банкте алғашқы жарнаны жинақтап алады. Қажет соманың 50%-ын жинаған тиімдірек. Мұндай жағдайда несиені төлеу мерзімі де, сомасы да қысқартылады. Белгіленген соманы жинақтағаннан кейін жаңа баспана салған мекемеге барып, қажетті пәтерді таңдап, келісімшартқа отыру керек. Мұндай мекемелер банктермен алдын ала өзара келісімшарт жасасып алады. Ұнаған пәтерді банкке

кепілдікке қойып, қажетті соманы несие арқылы банктен алып, таңдаған бағдарлама негізінде бастапқы жарнаны құяды (10%, 20%, 50% т.б.).

### Ипотека алудың алгоритмі



Бұл маңызды

**Несие** (лат. *creditum* – «несие», *credo* – «сенемін», «сенім білдіремін») – пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде белгілі бір уақыт аралығында пайдаланып, қайтарылу үшін берілетін қарыз.

**Несие пайызы** – уақытша пайдалануға несиеге берілетін соманың өзіндік бағасы, яғни несие берушінің несие алушыдан белгілі бір кезең ішінде ақшалай қаражатты пайдаланғаны үшін алатын төлемақысы.

**Үй** – 1) адам тұратын баспана, ғимарат; 2) белгілі бір қоғамдық қажеттілік үшін пайдаланылатын орын.

**Ипотека** – қарыз алушының үйді немесе жылжымайтын мүліктің басқа түрін сатып алу үшін пайдаланатын және белгілі бір уақыт аралығында төлеп отыруға келісетін несие. Несиені қамтамасыз ету үшін мүлік кепіл ретінде қызмет етеді.



**Жадында сақта!**

Қазақстанда несиенің қандай түрлері бар?

Несиенің екі түрі бар:

1. Ұлттық банк несиелері: аукциондық, ломбардтық, бюджеттік несиелер;
2. Екінші деңгейдегі банктер несиелері: меншікті айналым қаражатының жетіспеушілігін уақытша толтыруға, күрделі салымдарды қаржыландыруға, тұтыну мақсатына арналған несиелер; импорттық, ипотекалық, консорциалдық, банкаралық несиелер.

Қазақстан Ұлттық банкінде несие сапасына қарай стандарт, бейстандарт, қанағаттанғысыз, күмәнді және зиян келтіруші несие деп бөлінеді.

Несие алғанда несиенің пайыз мөлшерін білу керек.



**Зертте!**

1. Ипотекалық бағдарламалардың тиімділігі мен жеңілдіктері туралы баспасөз материалдарынан ізденіп, кестені толтыр.

Тұрғын үй бағдарламалары				
Бағдарлама атауы	Бастапқы жарна	Несие мөлшерлемесі	Несие мерзімі	Несие көлемі

2. Егер күтпеген жағдайларға байланысты отбасы несиені төлей алмай қалғанда, не істеуі керек? Мына заңдарды ғаламтордан тауып, зертте:

- 1) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002723> сайтынан Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы №2723 Заңы;
- 2) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> сілтемесі арқылы 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.

Осы заңдарға сүйене отырып, әрекет ету жоспарын белгілеп, таныстырылым жаса.

**Білімді тексер!**

- Бүгінгі сабақтан қандай ой қорыттың?
- «Тұрғын үй несиесі», «ипотека» ұғымдары туралы не білдің?
- Қазіргі кезде отбасылардың баспананы көбіне ипотекаға алу себептері қандай?
- Ипотекаға пәтер алу үшін жас отбасының алғашқы жарнаны қалай жинауына болады деп ойлайсың?

## IV БӨЛІМ.

# ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

Досым, сен осы бөлімде мына мәселелерді зерделейсің:

- халықтың қауіпсіз өмір сүруі үшін ережелер мен заңдардың атқаратынын рөлін білесің;
- инфекцияның алдын алу тәсілдерін меңгересің;
- әр адамның құрметке лайық екенін, сондықтан зорлық-зомбылыққа жол жоқ екенін ұғынасың;
- алғашқы көмек көрсетудің мәнісін ұғып, күнделікті өмірде қолдануға дағдыланасың.



**Меңгерілетін білім:**

- Ережелер мен заңдардың не екенін білу;
- Ережелер мен заңдарды бұзу салдарын түсіну;
- Ережелер мен заңдарды сақтауға жауапкершілік алғанда, адам өмірінің қандай болатынын ұғыну.

**Кел, ойланайық!**

- Ереже мен заңның ұқсастығы мен айырмашылығы қандай?
- Адамдар неліктен ережелерді сақтап, заңға бағынуы тиіс? Оның жеке адамға және қоғамға қандай әсері бар?
- Адамның мақсат-мұратына жетуі ережелер мен заңға бағынып, жауапкершілік сақтауға тікелей байланысты ма?
- Ережелерді сақтап, заңға бағыну адамға қандай артықшылықтар беріп, игіліктерге жеткізеді?

**Түйін сөздер**

Ереже  
Заң  
Құқықбұзушылық  
Қылмыс  
Тәртіп  
Жауапкершілік

**Шектен шықпа!**

*Аңыз*

Бұл ежелгі Грекияда болған деседі.

Түн ұйқысы төртке бөлініп, елдің ертеңін ойлап, ұрпақ қамын жеген елдің зиялы қауымы өкілдері Грекияның жеті данышпанына келіп, өтініш айтады. Ішінде Анахарсис бар осы жеті данышпанға: «Сіздер көп оқыған, көп білетін ғұламасыздар. Бірақ білгендеріңіз мен жазғандарыңызды қара халық оқып, игере алмайды. Соларды халық түсініп, жадында сақтайтындай етіп, бір-екі ауыз сөзге сыйдырып, мәңгі өлмес өсиет қалдырыңыздар», – деп өтініпті.

Содан, жеті данышпан жеті күн ойланып-толғанып, ақыр соңында ақыл-ойларын былай деп бірауыз сөзге сыйдырыпты: *«Шектен шықпа!»*

Бары осы-ақ! Астарына үңілер болсақ, кімді де болса, тәнті етер, таңғаларлық тереңдік!

Шектен шықпа! Атап айтсақ: асып-тасып қуанғанда да шектен шықпа; қабырға қайыстырар қайғыда да шектен шықпа; мөз болып күлгенде де шектен шықпа; ашуланып ұрысқанда да шектен шықпа; жаның жасып жылағанда да шектен шықпа; мансабың тасығанда да шектен шықпа; меселің қайтып мойығанда да шектен шықпа; қалжыңдасқанда да шектен шықпа; ойнағанда да шектен шықпа...

Данышпандар бар білігі мен ілімін «Өмірдің барлық сәтінде де шектен шықпа» деген бірауыз сөзбен бекітіп кеткен екен.

Заман ауысып, табиғатымыз өзгеріп, тірлігіміз жаңа сипатқа көшкенімен, осы бір ауыз сөздің құны да, қасиеті де баз баяғыша демеске шара қайсы?!

*Бегман Ысқақ*



#### Талда!

- Шектен шықпау деген заңға, ережеге бағыну ма?
- Шектен шықпай, ережелер мен заңға бағыну үшін өзіңе қандай талаптар қоясың?
- QR-code арқылы мәліметті тыңдап, тақырыппен байланыстыр.



#### Бұл маңызды

**Ережелер** – белгілі бір қағидалар жиынтығы, нұсқаулар. Белгілі бір кеңістіктегі адамдар тобының іс-әрекеттері мен мінез-құлқын реттеуге бағытталған ресми сипаттағы нұсқаулар немесе нормалар жиынтығы. Азаматтық бірлестіктерде, саяси партияларда, компанияларда, кәсіпорындарда және басқаларында жиі кездеседі. Мақсаты – ұйымның дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік беру.

**Заң** – міндетті құқықтық норма. Бұл жалпы сипатқа не және адамдардың жүріс-тұрысын реттейтін күші бар, заңды түрде құрылған биліктің нұсқауымен жүреді. Заңда ереже, норма және құқық ұғымдарының аражігі ажыратылады.

**Құқықбұзушылық** – адамдардың ережеге, заңға бағынбауы, қоғамға зиян келтіретін, қоғамға қарсы әрекет. Таратып айтсақ, азаматтық (жеке басқа, азаматтың не заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтіру, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетін қаралайтын мәлімет тарату және т.б.), өкімшілік (ұсақ бұзақылық, жол ережесі тәртібін бұзу), тәртіптік теріс қылық (жұмыстан кешігу, жұмысқа бармау т.б.) және т.б.

**Құқықбұзушылықтың ең қауіпті түрі – қылмыс.** Оған өкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Міндет – заң талаптарын бұзбау, жүктелген міндетті адал, дұрыс орындау. Заңның басты мақсаттарының бірі – адамдарды жауапкершілікке, тәртіпке тәрбиелеу және қорғау. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды.



#### Жағдаяттық тапсырма

Жағдаяттарды шеш.

1-жағдаят. Біреу қоқысты жәшікке емес, көшеге тастай салды. Сенің әрекетің.

2-жағдаят. Азық-түлік дүкенінде бір баланың көмпит ұрлағанын көріп қалдың. Сенің әрекетің.

3-жағдаят. Саған танысың ұрланған телефонды арзан бағада сатып алуды ұсынды. Сенің әрекетің.



#### Жадында сақта!

### Қазақстан Республикасының Конституциясы

Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс (12-бап).

Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті (34-бап).

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар (13-бап).

Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-бап).



#### Жасап көр!

1-топ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңды оқып, өздеріне маңызды жеті мәселені жазады.

2-топ заңгер, полиция қызметкері, жүргізуші рөліне еніп, «Заң алдында жұрттың бәрі тең», «Барлық мәселе заң аясында шешілуі тиіс» деген мәселе төңірегінде ойларын ортаға салып, радио тыңдармандарының сауалына жауап береді. Бейнежазбаға түсіріп, әлеуметтік желіде жариялайды.

3-топ «Ережелер мен заңдарға бағыну маған не береді?» тақырыбында сауалнама жүргізіп, нәтижесін талқылайды.



#### Дақалардан шыққан сөз

Қанатты сөздерді оқып, QR-code арқылы берілген мәтіндегі ақпаратпен толықтырып, жоба жаса. Топ алдында қорға.



Тәртіпке бағынған ел құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды.

*Бауыржан Момышұлы*

Хаос жағдайында даму, реформалар жасау мүмкін емес. Заң мен тәртіп – тұрақтылық негізі.

*Қасым-Жомарт Тоқаев*

Баланы бұзуға да, түзеуге де себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге.

*Жүсіпбек Аймауытов*



#### Ойлан!

Берілген ұғымдарды маңыздылығына қарай орналастыр.

Тәртіп, жауапкершілік, заңға қарсы әрекет етпеу, ережелерді сақтау, қылмысты болдырмау, құқықбұзушылықты болдырмау, заңға бағыну, басқа адамдардың құқығын, бостандығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу, өз құқықтары мен бостандығын қорғау.



#### Сәйкестендір!

Ұғымдар мен түсініктерді анықтамаларымен сәйкестендір.


Ұғымдар	Анықтамалары
Заң	Белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адам бойындағы адамгершілік қасиет
Ереже	Мемлекет белгілеген нормативтік-құқықтық актілер
Тәртіп	Бір нәрсенің тәртібін анықтайтын жинақтар, белгілі бір қағидалар жиынтығы, нұсқаулар
Жауапкершілік	Адамдардың тіршілік қарекетіндегі реттіліктің, жөн-жосықтылық пен ұйымшылдықтың сипаты

## Зертте!

Қандай да бір әрекеттен немесе заңбұзушылықтан кейін келтірілген «Салдар картасын» құрастырыңдар. Бұл салдар адам өмірінің түрлі салаларына қалай әсер ететінін анықтаңдар.

Үлгі: «Шу деңгейінен асып кетудің зардаптары»

### ҚАЗАҚСТАНДА ШУ ДЕҢГЕЙІН АСЫРҒАНЫ ҮШІН ҚАНДАЙ АЙЫППҰЛДАР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?



## Білімді тексер!

1. Ережелерді сақтап, заңға бағынудың жеке адам мен қоғамның, мемлекеттің дамуына әсері қандай?
2. Ережелер мен заңға бағынбау неге әкеп соғуы мүмкін?
3. Жасөспірімдерге арналған қандай заңнамаларды білесің? Кәмелетке толмаған балалардың заңды бұзуының салдары қандай? Оның болашақ өміріне қалай әсер етуі мүмкін?

## §12.

# Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу

### Меңгерілетін білім:

- Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу туралы мағлұмат алу;
- Жауапсыз іс-әрекет пен инфекцияның алдын алмаудың салдарын түсіну;
- инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптармен танысу.

### Кел, ойланайық!

- Инфекциялық аурулар адам ағзасында қалай пайда болады?
- Инфекциялық аурулардың қалай алдын алуға болады?
- Инфекциялық аурулардың қоршаған ортаға зияны қандай?
- Инфекциялық ауруларды болдырмауда адам жауапкершілігі қаншалықты маңызды?




### Бұл маңызды

**Инфекция** – ағзадағы микробтардың шабуылы және өсуі. Инфекция пайда болғанда, денсаулықта әрқилы проблемалар туындайды. Ағзаның иммундық жүйесі микробтармен күресіп, инфекцияны емдейді.

Инфекция қалай пайда болады? Микробтар күнделікті өмірдің бір бөлігі болып табылады және ауада, топырақта, суда, біздің денемізде кездеседі. Кейбір микробтар пайдалы, ал басқалары зиянды. Көптеген микроб бізге зиян келтірмей, денемізде өмір сүреді, тіпті біздің денсаулығымызды сақтауға көмектеседі. Микробтардың аз бөлігі инфекцияны қоздырады.

Зиянды микробтар біздің денемізге мына жолдар арқылы енуі мүмкін: теріге тигеннен, нәжіспен, ластанған тағамнан не судан, тыныс жолдары арқылы, жұқтырған адамның қолы тиген затты ұстау арқылы.

**Вирустың** миллиондаған түрі болуы мүмкін, зерттеушілер өзiрге 5000-ға жуық түрін анықтады (*5-сурет*).



5-сурет. Вирустар



### Түйін сөздер

Инфекция  
Микроб  
Вирус  
Бактерия

Вирусқа қарсы дәрі-дәрмектер кейбір вирустардың белгілерін жеңілдетеді алады. Бұл дәрі-дәрмектер вирустың көбеюіне жол бермей, вирус әсеріне қарсы тұру үшін адамның иммундық жүйесін күшейтеді (6-сурет).

Антибиотиктер вирустарға қарсы тұра алмайды. Бұл дәрі-дәрмектер вирусты тоқтатпайды. Вирустық инфекцияны емдеудің көп бөлігі симптомдарды жоюға бағытталған, ал иммундық жүйе дәрі-дәрмектің көмегінсіз вируспен күреседі.

**Бактериялар** – бір клеткалы микроорганизмдер, оларды «прокариоттар» деп те атайды. Бактериялар барлық жерде бар. Жер биомассасының көп бөлігі бактериялардан тұрады. Бактериялар кез келген қоршаған ортада: қатты ыстықта да, қатты суықта да өмір сүреді алады. Ал кейбір бактериялар тіпті радиоактивті қалдықтарда да тіршілік ете алады.

Триллиондаған бактерия штамдары бар, оның аз бөлігі адамда ауру тудырады. Олардың кейбіреулері адам ағзасында, мысалы, ішекте немесе тыныс алу жолдарында зиян келтірмей өмір сүреді. Кейбір «жақсы» бактериялар «жаман» бактерияларға шабуыл жасайды және аурудың пайда болуына жол бермейді. Алайда кейбір бактериялық аурулар өлімге әкелуі мүмкін. Қауіпті бактериялық ауруларға мыналар жатады: тырысқақ, дифтерия, дизентерия, бубонды оба, туберкулез, іш сүзегі, сүзек. Бактериялық инфекцияны антибиотиктермен емдеуге болады.

**Саңырауқұлақтар** – көпжасушалы паразиттер. Саңырауқұлақтың, шамамен, 5,1 миллион түрі бар. Саңырауқұлақ инфекциясының көбі терінің жоғарғы қабаттарында дамиды, ал кейбір инфекциялар терең қабаттарға өтеді. Антибиотиктерді ұзақ уақыт қолданатын, иммундық жүйесі әлсіреген, сондай-ақ мүше трансплантациясынан өткен адамдарда саңырауқұлақ инфекциясының даму қаупі жоғары болады.

Біздің денемізде микроорганизмдердің тепе-теңдігін сақтауға көмектесетін оң бактериялар да бар. Олар ішекте, ауызда және дененің басқа бөліктерінде тіршілік етеді.



6-сурет. Иммундық жүйе вирусқа қарсы күреседі

medqaz.com сайтынан



#### Бұл маңызды

**Қызылша** – жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері: қызуы көтеріліп, теріде бөртпелер пайда болып, көзі қызарып, тыныс ағзалары зақымданады.

**Микроб теориясы (germ theory)** – кейбір ауру түрлерін ағзаға енген микроағзалар қоздыратыны туралы тұжырымдама. XIX ғасырдың соңында Л.Пастер, Д.Ж.Листер, Р.Кох және т.б. ғалымдар микробтар теориясын қабылдауда үлкен рөл атқарды.

**Вирус** – жасушасы жоқ өте ұсақ ағзалық зат. Ол бактериядан кіші. Вирус – латынша «у» деген сөз.

**Бактерия** – тек микроскоппен көрінетін аса ұсақ микробтар. Ғалым Антон Левенгук ашқан. Бактерия – бір жасушалы ағза, көбісі таяқша пішінді болып келеді.



#### Жадында сақта!

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-профилактикалық іс-шаралар мен қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға бағынуы тиіс. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000033> сілтемесіндегі санитариялық қағидалармен мұқият танысып, біліп ал.



#### Жағдаяттық талпырма

Жағдаяттарды шеш.

**1-жағдаят.** Инфекция қоздырғышымен байланыста болған адам сенің жақын досың. Сенің әрекетің қандай болады?

**2-жағдаят.** Инфекция қоздырғышымен байланыста болған досың емделуден жалтарып, өз бетімен кетіп, дәрігер белгілеген емдеу режимін бұзуда. Сенің әрекетің.



#### Оқы, қызық!

Елімізде 191 «Жастар денсаулығы орталығы» (ЖДО) жұмыс істейді. Бұл орталықтар репродуктивті және психикалық денсаулық мәселелері бойынша 10 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға және 18 бен 29 жас аралығындағы жастарға медициналық, емдік-профилактикалық көмек, психоәлеуметтік және құқықтық қызмет көрсетеді.

Өзіңді қызықтыратын сұрақтар бойынша кеңес алу үшін, Жастар денсаулығы орталығымен мына сенім телефоны арқылы хабарлауыңа болады: 8 800 080 22 26.



*ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы*



#### Жасап көр!

Инфекциялар туралы төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, жоба жаса. Оны бастауыш сынып оқушыларына арналған жаднама ретінде YouTube-те жарияла. Сілтемесін оқушылар арасына тарат.

1. Инфекцияның берілу жолдары.
2. Белгілері.
3. Сақтану жолдары.



#### Зертте!

Төмендегі жағдайларда не істеу қажет? Өз бетіңше ізденіп, іс-әрекет алгоритмін жаса.

1. Білім беру нысандарында жүріп-тұруға шектеу қойылды, кабинеттік оқыту жүйесін алып тастады.

2. Көпшілік, ойын-сауық және спорт іс-шараларын шектеді.
3. Бетперде режимін енгізді.
4. Санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейтті және жеке гигиенаны сақтауды көздейтін шаралар күшейтілді.



#### Ойлан!

Тест тапсырмаларын шеш.

1. Инфекция:
  - А) ағзадағы микробтардың шабуылы және өсуі
  - Ә) генетикалық кодтың кішкене бөлігі
  - Б) ағзаның иммундық жүйесі
2. Микробтардың денеге ену жолдары:
  - А) жаңа вирустар шығарғанда
  - Ә) иммунитет әлсірегенде
  - Б) тыныс жолдары арқылы
3. Вирус дегеніміз:
  - А) жасушасы жоқ өте ұсақ ағзалық зат
  - Ә) біржасушалы микроағзалар
  - Б) көпжасушалы паразиттер



#### Білімді тексер!

1. Инфекциялық аурулар туралы не түсіндің? Олардан қорғану жолдары қандай екен?
2. Антибиотикпен вирустарды тоқтатуға бола ма?
3. Не себепті барлық адам инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-профилактикалық іс-шаралар мен қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға бағынуы тиіс?
3. QR-code арқылы берілген Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңін тыңдап, тақырыппен байланыстыра отырып, білімді түйінде.
4. «Саламатты өмір салтын ұстанудың маңызы» тақырыбында дәлелді эссе жаз.



**Меңгерілетін білім:**

- Жеке басқа қолсұқпаушылықтың не екенін білу;
- Адам құқығы мен бостандығының өркімге тумысынан жазылғанын, абсолютті екенін түсіну;
- Өз құқықтары мен бостандықтарын қорғай алу.

**Кел, ойланайық!**

- «Жеке басқа қолсұқпаушылық» дегенді қалай түсінесің?
- Азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығы деген не?
- Жеке басқа қол сұғудың жәбірленушіге, қылмыскерлерге және жалпы қоғамға салдары қандай?
- Жеке бас пен жеке өмірге қол сұғу әрекеттеріне қалай қарсы тұруға болады?
- Басқа адамның жеке басы мен өміріне қол сұғу әрекеті қандай жауапкершілікке тартылады?

**Түйін сөздер**

Жеке басқа қол сұғу  
Буллинг

**Жеке басқа қолсұқпаушылық**

Жеке басқа қолсұқпаушылық – азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығының негізгі принципі. Қазақстан Республикасының Конституциясында (12-бап, 2-тармақ): «Адам құқықтары мен бостандықтары өркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады», – деп жазылған.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылы 10 желтоқсанда «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясын», 1959 жылы «Бала құқығы декларациясын», 1989 жылы 61 ел қол қойған «Балалар құқығы туралы Конвенцияны» қабылдады. 2002 жылы Қазақстанда «Балалар құқығы туралы» заң қабылданды.

«Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясының» 3-бабында «Әр адам өмір сүруге, бостандықта болуға және оның жеке басына қол сұғылмауына құқылы» деп көрсеткен. Кез келген адамның жеке өмірі, отбасының құпиясы, жеке салымдары мен жинаған қаражатының құпия сақталуы заңмен қорғалады. Сонымен бірге азаматтардың тұрғын үйіне заңсыз басып кіруге, тексеруге, тінту жүргізуге жол берілмейді, ол үшін заң орындарының тиісті рұқсаты қажет. Тұрғын үйден

айыру да сот шешімінсіз іске аспайды. Адамдардың жеке басы мен өміріне қол сұғу әрекеттері азаматтардың конституциялық құқығын бұзу болып саналады.



#### Талда!

- Адам құқығын қорғайтын қандай заңдар қабылданды?
- Адам құқығы мен бостандығының абсолютті болу себебі неде?
- Өз құқығы мен бостандығын қорғау үшін адамға нені білуі қажет?



#### Бұл маңызды

**Жеке басқа қол сұғу** – біреудің ішкі жеке шаруасына араласу, жеке басының құпияларын жария ету, құқығын бұзу.

**Буллинг** – бір адамды басқа бір адамның не топтың кемсітуі, намысына тиюі, сыртынан өсек айтуы, беделіне нұқсан келтіруі.



#### Оқы, қызық!

Адамның жеке өмірі мен қоғамдық өмірдің, мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас ежелгі заман философы Аристотельдің еңбектерінде кездеседі. Аристотель өз еңбектерінде адамның жеке өміріне, неке-отбасылық қатынастарына, бала тәрбиелеу ісіне, тұрғын үйі мен жеке меншігіне мемлекеттің араласпауын негіздеп берді.



#### Жағдаяттық талсырма

**Жағдаяттарды шеш.**

**1-жағдаят.** Өзін құқық қорғау қызметкерімін деп таныстырып, сенің үйіңе басып кіріп, тексеріп, тінту жүргізе бастады. Сенің әрекетің.

**2-жағдаят.** Танысың сенімен телефон арқылы жазысқан хаттар мен сөйлескен әңгімелерді жалпы сыныптастар чатына салып, көпшілік талқысына салды. Сенің әрекетің.

**3-жағдаят.** Саған бөтен адамдар ескерту жасады: 1) көшедегі жаяу жүргіншілер жолағына үш метр жерден өткелі жатқаныңда; 2) құлаққап киіп, көшені қиып өтпек болғаныңда; 3) өзен не көлде қатқан жұқа мұзда сырғанап жүргеніңде. Сенің әрекетің.



### Жасап көр!

1. Жасөспірімдердің жеке басына қол сұғуды болдырмау, оның алдын алу үшін жасалатын шараларды жазып, жоба ретінде қорға.
2. Сұрақтарды негізге алып, «Адамдардың жеке басы мен өміріне қол сұғу – әлсіздердің қаруы!» тақырыбында флэшмоб ұйымдастырыңдар.
  - Мектепте жасы кішілерге әлімжеттік жасайтын балалар бар ма? Оларға қандай шара қолдануға болады?
  - Буллингтің құрбаны болған тұйық, момын балаларды білесіңдер ме? Бұны алдын алудың қандай жолдары бар?
  - «Әр адамның, әр баланың жеке шегарасы бар, оған ешкім қол сұқпауы керек» деген пікірмен келісесің бе? Өз шегараңды қалай қорғайсың?
  - Араларыңда таяқ жесе де, «арызқой» атанбау үшін төзіп жүре беретін балалар бар ма? Сондай балаларға қандай көмек ұйымдастыруға болады?



### Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Адам құқықтары мен бостандықтары ...
  - А) әркімге тумысынан жазылған, абсолютті
  - Ә) азаматтық құқығы
  - Б) айнала қоршаған ортамен, ұжыммен тіл табыса алуы
2. Адамдардың жеке басы мен өміріне қол сұғу әрекеттері ...
  - А) адамның психикасына қасақана кері әсер ету, қорқыту, қорлау, бопсалау
  - Ә) азаматтардың конституциялық құқығын бұзу
  - Б) адамның қаражатынан қасақана айыру
3. Біреу абыройың мен ар-намысыңа нұқсан келтірсе, онда ...
  - А) білікті заң көмегін алуға құқығың бар
  - Ә) оның да жеке басының құқығын бұзуыңа болады
  - Б) оны өзің жауапқа тартасың
4. Буллинг:
  - А) адамның құпиясын интернет арқылы елге жаю
  - Ә) адамды мүлкінен айыру
  - Б) бір адамды басқа бір адамның немесе топтың кемсітуі, намысына тиюі



### Зертте!

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S020000001> сілтемесі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабын оқып, өмірден мысалдар келтіре отырып, өз сыныптастарыңның арасында орын алған бір нақты кикілжіңді қалай шешуге болатынын зерделе.




### Жадында сақта!

Балаларға көмек көрсететін халықаралық ұйымдар да жеткілікті. Солардың бірнешеуімен таныс.



– балалар мен жастардың құқықтарын қорғауға көмек көрсететін жаһандық ұйым.



– қыз балалар мен ұлдарды зорлық-зомбылықтан қорғайтын біріккен ұйым.



– Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры. Мақсаты: ана мен баланың денсаулығын қорғау, тамақтандыру, сумен жабдықтау, санитария, білім беру, балалардың мүдделерін қорғау.



### Біліміңді тексер!

1. «Жеке басқа қолсұқпаушылық» дегенді қалай түсіндің?
2. Сенің де байқамай біреудің ішкі ісіне араласып, жеке басына қол сұққан кезің болып па еді?
3. Сабақтан не түсіндің? Қандай ой түйдің?
4. Әркім өзінің жеке бас құқығын қалай қорғауына болады?

**Меңгерілетін білім:**

- Зорлық-зомбылық пен қорлаудың не екенін біліп, олардың салдарын түсіну;
- Зорлық-зомбылық пен қорлауға қарсы тұру жолдарын білу;
- Буллинг пен кибербуллингке қарсы тұру жолдарын меңгеру.

**Кел, ойланайық!**

- Зорлық-зомбылық, қорлау дегенді қалай түсінесің?
- Олар күнделікті өмірде қалай көрініс табады?
- Зорлық-зомбылықтың жәбірленушіге, қылмыскерлерге және жалпы қоғамға салдары қандай?
- Зорлық-зомбылық пен қорлауға қалай қарсы тұруға болады?

**Түйін сөздер**

Зорлық-зомбылық  
Кибербуллинг

**Ар ілімі**

Таза жолмен жүруге талаптан, өзіңді сол жолмен жүруге тәрбиеле. Адалдықты, тазалықты мақсат еткен жолға қарама-қайшы келетін бұзықтықтан бойынды да, ойынды да аулақтат. Белгілі бір дәрежеге, деңгейге жетсең де немесе одан кетсең де, белгілеген дұрыс мақсатыңды бұзба, одан айныма.

Өміріңнің жолы екіге айырылып, өзендей ағар, әр жақтан әртүрлі мәселелер мен қиындықтар, азғыратын жайттар болмай тұрмас. Сол кезеңде дұрыс мақсатыңды берік ұстанып, таза жолдан таймай барғаның, жетпесең де алғаның көбірек болсын.

Таза, тура, адал жол деген негізгі қазыққа барар жолда бұзыққа қызықпа, мақсатыңды бұзба, таза жолдан тайма, тура жолға ие бол...

Құбылсаң, бұзылсаң, не қызығып, не именумен қайта алмай, байқамай себепке еріп, жетектелсең, бұларды аттап өте алмай қалсаң, онда адалдығыңды жоғалтып, адамдығыңды кетіріп, рухани тірі өлікке айналасың. Осыған ермей, ақ жолмен алға бассаң, міне, сонда ғана сен шынайы еркінсің, еркінді қай бағытқа бағыттау – өзіңнің жүрегіңнің шешімі.

Тура жолды сезімі ояу, есті жан ғана табады.

*Шәкәрім Құдайбердіұлы*

**Талда!**

1. Автордың айтып отырған «таза жолы» қандай жол? «Таза жолға» адамның бойындағы қандай қасиеттері жетелейді?

2. Автор кімдерді «сезімі ояу, есті жан» дейді? Сеніңше, ондай жаңдар ар-ұжданын басшылыққа ала ма? Ар-ұждан адамды қандай жолға бастайды?
3. Өзің өмір жолыңда нелерді басшылыққа аласың? Неліктен?



#### Бұл маңызды

**Зорлық-зомбылық** – азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға төндік немесе психикалық кері ықпал етуі. Зорлық-зомбылық жасаған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

**Дене және жеке басқа зорлық-зомбылық** – дене күшін қолданып, жеке басқа, денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

**Психологиялық зорлық-зомбылық** – адамның психикасына қасақана кері әсер ету, қорқыту, қорлау, бопсалау, өмірге, денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке бас дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

**Сексуалдық зорлық-зомбылық** – адамның жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін іс-әрекет, сондай-ақ көмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

**Экономикалық зорлық-зомбылық** – адамның заңды құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

**Кибербуллинг** – интернет, әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету.



#### Жадында сақта!

##### *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 17-бап*

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жөбір көрсетуге не жазалауға болмайды.



#### Жағдаяттық тапсырма

Үш топқа бөлініп, жағдаяттарды шешіндер. Зорлық-зомбылықты тудыратын негізгі факторларды анықтап, олардың алдын алу жоспарын және жаднамасын жасаңдар.

**1-жағдаят.** Айнұр сабағын оқып болды. Терезеден аулаға қарап, ойнап жүрген балаларға қызықты. Дереву далаға шығып, балаларға қосылып кетті. Бір кезде «Қызым, бері қарашы», – деген дауыс естілді. Айнұр жалт қарап, өзін шақырып тұрған бейтаныс ер адамды көрді. «Менде кәмпит бар, мә. Жүр, қаласаң, дүкеннен басқасын алайық». Айнұр ойланып қалды. Көршісінің баласы Нұржан әңгімеге дереу килікті: «Жоқ, ағай, керек емес, аулақ жүріңіз. Айнұр, бері кел». Бейтаныс бұрылып, кетіп қалды. Нұржан: «Айнұр, танымайтын адамға жақындама!» – деді.

**2-жағдаят.** Манасқа әлеуметтік желіде «Сәлем, сенің атың кім?» деген хабарлама келді. «Сәлем, менің атым – Манас. Сенің ше?». «Мен Қуатпын. Бесінші сыныпта оқимын. Сенімен достасқым келеді. Мекенжайың қандай?». Манастың жанына студент әпкесі келді. Інісінің бөтен біреуге мекенжайын беріп жатқанын көріп, оған ұрысты. Ол ересек адам болуы да мүмкін екенін ескертті. Манас өкпелеп, ноутбукты тарс жапты.

**3-жағдаят.** Талғат кішкентайынан суретті жақсы салады. Оны ата-анасы да, мұғалімдері де мақтан тұтады. Бүгін ол оқушылар арасындағы конкурсқа қатысу үшін сурет салып, мектеп сайтында жариялады. Екі күннен кейін сыныптастары оған WhatsApp арқылы бір сілтеме жіберді. Талғат сілтемеге өтіп қарап, көзі қарауытып кетті. Біреу оның мектеп сайтындағы суретін көшіріп алып, әлеуметтік желіде жариялапты. Мазақтап, неше түрлі комментарийлер жазыпты. Талғат не істерін білмей, жылап жіберді.



#### Жадында сақта!

**111** – балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім нөмірі. Әрбір бала қажеттілік туындаған жағдайда тәулік бойы жұмыс істейтін 111 шұғыл қызметі телефонына хабарласа алады.

**150** – психологиялық көмек нөмірі. 150 сенім орталығында орыс және қазақ тілінде сөйлейтін білікті психотерапевт мамандар отырады.

«Айналайын SOS» жобасы – мектеп ішіндегі зорлық-зомбылыққа қарсы ақпараттық-білім беру.



### Жасап көр!

Қоғам үшін балалар құқығын қорғау маңызды мәселе болып отыр. Мектепте құрдастар арасында не жоғары сынып оқушылары тарапынан буллинг (*7-сурет*) кездесіп қалады. <https://sos.peremena.media> сілтемесі арқылы Қазақстан мектептерінде зорлық-зомбылыққа қарсы ақпараттық білім беру мақсатында жасалған «Айналайын SOS» жобасымен танысып, жұбыңмен бірлесіп, плакат жаса.



*7-сурет. Мектептегі буллинг*



### Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Зорлық-зомбылық:
  - А) ар-ұят пен адамшылыққа жүгіну
  - Ә) азаматтардың құқығын бұзу, бір адамның екінші адамға төндік немесе психикалық кері ықпал етуі
  - Б) айнала қоршаған ортамен ортақ тіл табыса алмау
2. Психологиялық зорлық-зомбылық:
  - А) дене күшін қолданып, төнді ауыртып жеке басқа, денсаулыққа қасақана зиян келтіру
  - Ә) адамның психикасына қасақана кері әсер ету, қорқыту, қорлау, бопсалау, еріксіз көндіру арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту

Б) адамның заңды құқығы бар тұрғын үйінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру

3. Кибербуллинг:

А) интернет, әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету

Ә) айнала қоршаған ортамен ортақ тіл табыса алмау

Б) адамның заңды құқығы бар тұрғын үйінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру



Даналардан шыққан сөз

Зорлық, шын мәнінде, ішкі әлсіздік сезімнің белгісі.

*Махатма Ганди*

Мен Мемлекет басшысы ретінде көмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін. Өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе. Білім беру мекемелерінде психологиялық қолдау қызметін күшейтіп, сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

*Қасым-Жомарт Тоқаев*



Зертте!

Зорлық-зомбылықтың жәбірленушіге, қылмыскерлерге тигізетін салдарын интернет, ақпарат көздері және өмірден нақты аргумент пен деректер жинап, дәлелді эссе жаз.



Біліміңді тексер!

1. «Зорлық-зомбылық» дегенді қалай түсіндің?
2. Біреуге қиянат жасап, күш көрсету күштіліктің белгісі ме, әлсіздіктің белгісі ме?
3. Жасы кішілерге, әлсіз балаларға әлімжеттік жасайтын адамдарды қалай тыюға болады?
4. Өзің буллинг пен кибербуллингке ұшырасаң, кімдерден көмек сұрайсың? Бұл мәселені қалай шешуге болады?
5. «Айналайын SOS» жобасының қандай маңызы бар?

**Меңгерілетін білім:**

- Алғашқы көмек көрсетудің жолдарын білу;
- Адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде, оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шараларды білу және дұрыс әрекет етуді үйрену.

**Кел, ойланайық!**

- Алғашқы көмек қай кезде көрсетіледі?
- Адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде, оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қандай қарапайым шараларды білесің?
- Адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде, адамдардың тез және батыл әрекет етуінің рөлі қандай болады?

**Түйін сөздер**

Алғашқы көмек  
Денсаулыққа төнген қауіп  
Зардап шегу

**Алғашқы медициналық көмек**

**Алғашқы көмек** – адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде, оның өмірін сақтап қалу үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апаттың қатарына әртүрлі жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суға бату, күйу, үсу, электр тогы соғу т.б. жатады. Алғашқы көмектің негізгі шаралары: апатқа түскен адамды құтқару (өрттен, судан шығару); апаттың зиянды әсерін тоқтату (адамды жылыту, иіс тисе, таза ауа жұтқызу); қан тоқтату, жараны байлау, сынған аяқтың немесе қолдың қозғалысын тежеу; жасанды дем алдыру, жүрекке жабық массаж жасау, апатқа түскен адамды тезірек емдеу мекемесіне жеткізу немесе жедел медициналық көмек көрсететін дәрігерлер тобын шақыру.

**Бұл маңызды**

**Алғашқы медициналық көмектің мақсаты** – зардап шеккен адамның өмірін сақтап қалу, оның қайғы-қасіретін азайту және ықтимал асқынулардың алдын алу үшін қажетті қарапайым медициналық шараларды жүргізу.

Мұндай көмекті кәсіби түрде медицина қызметкерлері көрсетеді, бірақ олардан басқа полиция қызметкерлері мен құтқарушылар да алғашқы көмек көрсету әдістерін білуі керек. Шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін жағдайлар кейде күтпеген

жерден, уақыт тапшылығы жағдайында және медициналық білімі бар адамдар болмаған кезде туындайды. Сондықтан әр секунд қымбат болған жағдайда тез және батыл әрекет ету керек. Зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету кезінде уақыт факторы өте маңызды.

*Қазақ энциклопедиясынан*



#### Бұл маңызды



– алғашқы көмектің халықаралық белгісі.

Алғашқы көмек көрсету кезінде алдымен оқиға орнын тексеру керек. Мысалы, ашық жатқан электр сымдары, қирандылардың құлауы, түтін немесе терең су сынды факторлар. Егер сенің өміріңе қауіп төнуі мүмкін болса, онда төтенше қызмет өкілдерін шақырып, көмек көрсетуді мамандарға қалдыру керек. Зардап шеккен адамды сабырға шақыруға тырыс.



#### Жадында сақта!

### Алғашқы көмек көрсету барысында орындалатын іс-әрекеттер

Қан кету кезінде жарақаттан сәл жоғары тұстағы тамырды үлкен саусақпен басу арқылы қанды тоқтатуға немесе қан ағуын баяулатуға тырысуға болады. Жарақатты таңып, оны мамандандырылған медициналық мекемеге жеткізу керек.

Сүйек сынғанда тыныштық сақтап, зақымдалған дене бөліктерін қозғамау керек, науқасты медициналық мекемеге өте мұқият жеткізген жөн.

Улану кезінде зардап шегушіні тез арада ғимараттан таза ауаға шығару керек, егер бар болса, оған газдан қорғайтын аспап немесе оттегі жастықшасын кигізген жөн. Тыныс алуын қалпына келтіру үшін мүсәтір спиртін иіскетуге болады. Тез арада жедел жәрдем шақыру керек.

Тамақтан улану кезінде асқазанды шайып, асқазаннан улы тағамды шығару қажет. Ол үшін сода ерітіндісін (1,5–2 литр қайнаған жылы суға 1 ас қасық соданы еріту) дайындап, ерітіндіден аздап ішкізіп, құстырған дұрыс. Сорбенттер беруге болады. Ең танымал сорбент – «Белсендірілген көмір». Сондай-ақ «Регидрон» секілді арнайы регидратациялық тұз ерітінділерін қолдануға болады.

Күйік шалған кезде зардап шеккен дене бөлігін ағын сумен салқындатып, 20 минут шаю керек. Бейтараптаңдырудан кейін залалсыздандырылған таңғышпен немесе ылғалды шүберекпен жараны байлау керек. Тез арада медициналық мекемеге жеткізу керек.

Үсік шалған жағдайда зардап шеккен адамды жылы бөлмеге кіргізіп, үсіп қалған аумақтағы киімдерін абайлап шешу керек. Науқасты жатқызып, үстін жылы көрпемен жауып, жылы суын, ыстық шай, сүт т.б. беру керек. Зақымдалған дене аумағына стерильді таңғыш қойып, тез дәрігер шақыру керек.

Суға батқан жағдайда ол адамды тез арада судан шығарып, ішімен төмен қарай тізеге жатқызып, басын төмен салбырату керек. Қабырғасы мен арқасын басып, іштегі суды шығару керек. Тыныс алмаса, мұрнын жауып, аузына ауа үрлеу арқылы қолдан дем алдыру қажет. Жүрек қағысы естілмеген болса, онда қолдан дем алдыру барысында жүрек тұсына массаж жасау керек. Бес рет тікелей емес массаж жасап, аузына ауызбен ауа жіберу қажет.

*sputnik.kz сайтынан*



Жасап көр!

**1-топ** [https://egov.kz/cms/kk/articles/health\\_care/okazanye\\_romowi](https://egov.kz/cms/kk/articles/health_care/okazanye_romowi) сілтемесіндегі ақпаратқа және суреттегі іс-әрекеттерге сүйеніп, адам өміріне немесе денсаулығына қауіп тудыратын негізгі факторларды сипаттап, алдын алу жоспарын және жаднамасын жасайды (8-сурет).



8-сурет. Алғашқы көмек көрсету

**2-топ** дәрігер, көмек көрсетуші адам, зардап шегуші адам, зардапты көзімен көрген қуәлар және т.б. рөлдерді бөліп алып, «Алғашқы көмек көрсету тәсілдерін білу біздің жақындарымыздың өмірін сақтап қалуы мүмкін» тақырыбында көрініс көрсетеді.



#### Жағдаяттық тапсырма

Адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнген жағдайда, мәселен, жер сілкінісі, су тасқыны, террористік шабуыл кезінде төмендегідей қасиеттері бар адамдардың әрекет етуін сипаттап, жағдаят ойластырып, сахналаңдар.

1. Адал адам
2. Айлакер адам
3. Ақылды адам
4. Аңғал адам
5. Атаққұмар адам



#### Ойлан!

Тест сұрақтарын шеш.

1. Алғашқы көмек – ...
  - А) адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар
  - Ә) бір адамның екінші адамға төндік немесе психикалық кері ықпал етуі
  - Б) айнала қоршаған ортамен ортақ тіл табысудағы қолданылатын қарапайым шаралар
2. Алғашқы көмек көрсету кезіндегі ереженің бірі:
  - А) жедел жәрдем шақыру
  - Ә) сақтық шараларын сақтау
  - Б) айнала қоршаған ортамен ортақ тіл табысу



#### Біліміңді тексер!

1. Алғашқы медициналық көмектің мақсаты қандай?
2. Алғашқы медициналық көмекті білудің пайдасы бар ма?
3. Зардаптарды болдырмау, апаттың алдын алу шаралары туралы не білдің?

## V БӨЛІМ.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Досым, сен осы бөлімде мына мәселелерді зерделейсің:

- табиғаттың бір бөлшегі екеніңді сезініп, қоршаған ортаға қамқор болуды үйренесің;
- Жер планетасының болашағына адамзаттың да жауапты екенін түсінесің;
- табиғи апаттар кезінде қолданылатын ережелерді меңгересің.




**Меңгерілетін білім:**

- Экологиялық мәдениет туралы түсінік қалыптастыру;
- Экологиялық мәселелердің қоршаған ортаға әсері туралы білу;
- Экологиялық апаттарды болдырмау туралы мәлімет алу.


**Кел, ойланайық!**

- «Экология» сөзінің мағынасын қалай түсінесің?
- Экологиялық мәдениет деген не?
- Экологиялық мәселелер неліктен туындайды?
- Қоршаған ортаны сақтап, қорғап қалуға қандай үлес қосар едің?


**Түйін сөздер**

Экология  
Экологиялық мәдениет  
Экологиялық мәселелер  
Экожүйе


**Бұл маңызды**

Экологиялық мәдениет – дүниежүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі; адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын ұғынуы. Қоршаған ортаға немқұрайдылықпен қарау үлкен апаттарға, экожүйені бұзуға алып келді. Сондықтан экологиялық және санитарлық мәдениет ұғымдарын біріктіре қарастыру қажет. Жалпы, мәдениеттің бұл маңызды құрамдас бөлімдері өзара тығыз байланысты, сондықтан адамның ауаға, табиғи суларға, жердің топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарларға қатысты шаруашылық және тұрмыстық әрекетінің санитарлық-экологиялық тұрғыдан мақсатқа сай болуын талап етеді.

Экологиялық мәселелер – адамның табиғатқа тигізетін қолайсыз әсерінен қоршаған ортаның бұзылуына әкелетін мәселелер.


Экожүйе – тірі ағзалар жиынтығының қоректену, өсу және ұрпақ беру үшін белгілі бір тіршілік ету кеңістігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптасқан жүйесі.

### Бурабай туралы аңыз

Көкшенің түстік іргесінде шалқыған күміс көл мен биіктігі 690 метр болатын (*9-сурет*) тау бар. Тау мен көлдің Бурабай атануы туралы ел аузында аңыз сақталған.

Көгілдір таулар мен көусар сулы көлдер өлкесін сан түрлі аңдар мен құстар да мекендейді. Ертеде солардың ішінде жаратылысы ерекше бұра болған екен. Тұлғасы зор, шудасы бұйра әрі

аппақ қардай. Өзі үнемі жалғыз жүреді. Мекені – Көкшетаудың қапталындағы қалың орман, суды айнадай жарқыраған күміс көлден ішетін.



*9-сурет. Бурабай тауы*

Ақбура күнде шаңқай түс мезгілінде көлге келеді. Ақбураның қасиеті де ерекше екен. Жасанған жау келерін немесе ақ сүйек жұт немесе ел басына ауыртпалық әкелер басқадай жаманшылық боларын күні бұрын сезеді. Күндей күркіреп, шабынып, мазасы кетіп, буырқанып кетеді екен. Боздаған дауысы бір тынбастан, маңайдағы елді аралап, жүйіткі жортып шығады. Ақбураның ол хабарын алған ел ерте бастан қамданып, сақтық жасайды.

Ақбураны жердің киесі, елдің қыдыры деп біледі, қадір тұтады. Ол мекен еткен аймақты «Бурабай» деп, су ішетін күміс көлді «Бурабай көлі» деп атайды.

Жылдардан жылдар өтеді. Ел ішінен бір қандыбалақ қарақшы шығады. Қасына өзіндей кілең сотқарларды ертіп жүріп, елдің тыныштығын кетіреді. Аңдар мен құстарды қынадай қырады. Оның сол бұзықтығын білген Ақбура қарақшы келе жатқанда жолындағы аңдар мен құстарды сақтандырып, боздап жортып жүйіткіді. Сол үшін оған әлгі қанішер қатты өшігіп, өлтіруді ойлайды. Бірде Ақбура қалың орманды қақ жарып, оның қарсы алдынан шыға келеді. Қарақшы жалма-жан сауыт бұзар сұр жебені сары садаққа сала сап, дәл төстен көздеп, адырнаны шірене

тартып жібереді. Ысқыра зулаған сүр жебе ақбураның кеудесін көктеп өтіп, артқы өркешінен шыға тоқтайды. Ақбура күркіреп, қарақшыға тұра ұмтылады. Қарақшы сасқанынан атын қамшылап, қалың қорымға қойып кетеді.

Ақбура әлсірей бастағанын сезіп, өзі су ішкен күміс көлге қарай кейін қайтады. Қаны саулап, жаны қинала сүйретіліп, өзі мекен еткен қалыңға өрең-өрең жетеді. Батысқа басын бере шөгіп жатады да, көз жұмады. Киелі жануар сол күйі тауға айналып, мәңгіге қалады. Артқы өркешін тесіп шыққан зор жебе де сол күйі сойдып, қияннан көзге шалынып әлі тұр...

*Ел аузынан*



#### Талда!

- Аңыздың мазмұнын қалай түсіндің?
- Бурабай табиғатының сұлулығы қалай суреттелген?
- Көкшетау өңіріндегі экологиялық ахуал туралы не айтуға болады?
- Қазақстанның көрікті жерлерінде экология мәдениеті сақтала ма?
- Экологиялық ахуалды жақсарту үшін өзің қандай үлес қосар едің?



#### Оқы, қызық!

**Бура** – екі өркешті түйенің қуаты жетілген аталығы (*10-сурет*). Бураны мінезіне қарай да түрліше атаған.

«Ақ бас бура» деп бас түгі, жүні ақшыл бураны айтады.

**Шуда** – түйенің өркешіне, желкесіне, тізесінің үстіне және мойнының астына шыққан ұзын қылшық жүн.



*10-сурет. Бура*



#### Жасап көр!

**1-топ** берілген аңыздың мазмұны бойынша сурет салады.

**2-топ** «Табиғатты қорғау – адамзаттың борышы» тақырыбында постер құрастырады.



### Анықта!

Екі суретті (11, 12-суреттер) салыстырып, өз пікіріңді ортаға сал. Қоршаған ортаны таза ұстау мен ластаудың айырмасын анықтап, экологиялық мәселелер туралы әңгімеле.



11-сурет. Таза ауа



12-сурет. Ластанған ауа



### Зертте!

1. Ақын Олжас Сүлейменовтің «Бөлтіріктер» өлеңін интернеттен жүктеп алып, мұқият оқы.

Төмендегі бағыттарды қамти отырып, дөңгелек үстел өткізіңдер.

- өлеңнің негізгі идеясы мен мақсаты;
  - қасқырдың өз бөлтіріктерін баулуы;
  - аңшының бөлтіріктері бар қасқырды атуы туралы пікірің;
  - бөлтіріктердің болашақтағы тағдырына болжам;
  - аш бөлтіріктердің іс-әрекеті туралы өмірмен байланыстыра әңгімелеу.
  - табиғат заңдылығын сақтауға қосқан өзіңнің үлесің.
2. «Табиғатты қорғау біздің қолымызда» тақырыбында ізденіс жұмыстарын жаса. Сол арқылы әр бала, әр жасөспірім табиғатты қалай қорғай алатындығы туралы өз жобаңды жаса.

Ол үшін мына бағыттар бойынша ізден.

- тұратын аймағың;
- ондағы экологиялық мәселелер;
- ұсынатын шешімдерің;
- жобаны қорғау, акция-челлендж ұйымдастыру;
- мектеп сайтында жариялау.



### Ойна да ойла!

Төменде берілген ребусты дұрыс шешкенде, ақын Ф.Оңғарсынованың нақыл сөзі шығады. Нақыл сөздің мағынасын түсіндір.



### Жадында сақта!

Халқымыз ежелден табиғатты аялаған, аң-құсты орынсыз өлтірмеген. Осындай келеңсіз оқиғаларды аңызға, күйге қосып, ұрпақтан ұрпаққа таратып отырған. Сондай туындының бірі – «Ақсақ құлан» күйі. Дәл осы үрдісті Құрманғазы бабамыз да «Ақсақ киік» күйімен жаңғыртқан. Ал ақын Сәкен Сейфуллин экологиялық поэзия бағытын қалыптастырып, «Ақсақ киік», «Аққудың айырылуы» шығармаларын жазды. Ал Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасымен «Қазақ әдебиеті» пәнінен танысың.

Бұдан шығатын қорытынды – өнер адамдары үнемі Жер-Ананы, табиғатты сақтауды, аң-құсты себепсіз қырып, жоймауды насихаттаған.



### Біліміңді тексер!

- Өзің тұрып жатқан өңірдің экологиялық ахуалы қандай?
- Экологиялық мәдениетті көтеру үшін не істеу керек?

**Меңгерілетін білім:**

- Болашақтағы Жер планетасының келбеті;
- Өндіріс орны қалдықтарының қоршаған ортаға зиянын түсіну;
- Экологиялық жағдай бойынша өзекті мәселені шешу жолдарын меңгеру.

**Кел, ойланайық!**

- Жер планетасының қазіргі келбетіне көңілің тола ма?
- Ірі өндіріс орындарынан шығарылған қалдықтармен қалай күресуге болады?
- Жер шарындағы осы өзекті мәселені шешуге сенің көзқарасың қандай?
- Болашақтағы Жер қандай болуы керек деп ойлайсың?

**Түйін сөздер**

Экологиялық апат  
Өндіріс қалдықтары

бөлек, адами факторлар да ортақ үйіміз – Жердің экологиялық ахуалына кері әсер етері сөзсіз. Мәселен, өнеркәсіптің күн санап көбеюі және ормандардың азаюы атмосферадағы көмірқышқыл газының ұлғаюына әсер етеді. Бұл өз кезегінде атмосфераның мөлдірлігінің өзгеруіне, табиғаттағы көміртек айналымының бұзылып, жылыжай эффектісінің пайда болуына алып келеді.

**Ойлан!**

Бізді қоршаған орта, біздің өмір сүріп жатқан планетамыз – Жер (13-сурет). Бірақ біз ол жайында толыққанды ақпарат білеміз бе? Оның салмағы қанша, қандай ерекшеліктері бар екенін білеміз бе?



13-сурет. Біздің планета – Жер

Жер, шамамен, 4,5 млрд жыл бұрын пайда болды. Алғашқыда отты шар болса, кейін оты сөніп, біртіндеп суып, шөлейтке айналды. Алдымен су, содан соң ауа пайда болды. Оңтайлы климат, Күннен қолайлы қашықтық Жерде тіршіліктің пайда болуына себеп болды.

**Жер шарының экологиялық ахуалы**

Жерде тіршілік үшін ауа, су, құнарлы топырақ, жарық және жылу бар. Алайда осы байлықты өзіміз қадірлеп жүрміз бе? Табиғи факторлардан


Көмір мен мұнай жанған кезде атмосфера азот пен күкірт қоспасымен ластанып, қышқылды жаңбыр түзіледі. Зымырандар Жерді Күннің қауіпті ультракүлгін сәулелерінен қорғайтын озон қабатын бұзады.

Атмосфера қабатының ластануының тағы бір себебі – автокөлік газдары. Олардың құрамында қорғасын қоспасы, бензол сияқты уандырғыш заттар бар. Қорғасынмен ластану салдары топырақ пен судың улануына алып келеді.

Қоршаған ортаны қорғау үшін энергияны үнемдеу технологияларына көшу керек. Атмосфераға зиянды заттар шығаруға кедергі келтіретін сүзгілерді кеңінен пайдалану қажет. Жанармайға ауыр металл қоспаларын, әсіресе қорғасын қоспасын қосуды шектеген жөн. Электр көліктері мен Күн энергиясын пайдаланатын автокөліктерді көптеп шығаруды қолға алатын уақыт жетті.

Экологиялық мәселелерді шешуде табиғат пен адам арасында динамикалық тепе-теңдік болғаны дұрыс. Адам табиғаттан алып қана қоймай, табиғи ресурстарды, жердегі аңдар, аспандағы құстар мен өзен-көлдердегі балықтарды қорғап, ұлттық саябақтарды және т.б. қалпына келтіріп отыруға міндетті. Олай болмаған жағдайда экологиялық апат орын алады.

Адам баласының қолымен жасалған экологиялық апаттың бірі – Арал апаты. Кеңес заманында егістік алқаптары үшін суды тиімсіз пайдалану өңірдің гидрологиялық жүйесінде теңдікті жойып, Арал теңізінің құрғауына алып келді (*14-сурет*).



*14-сурет. Арал теңізінің тартылуы*

Ғалымдардың айтуынша, жер шарының әрбір тұрғыны жылына, шамамен, 1 тонна қоқыс шығарады. Қалдықтардың ең қауіпті

түрі – радиоактивті қалдықтар. Олар радиохимиялық зауыттар мен атом электрстансыларынан шығады (15-сурет). Бұл жаһандық проблема болып саналады. Қалдықтарды ауаға шығару не суға төгу адам денсаулығы үшін де, аң-құс үшін де қауіпті (16-сурет).



15-сурет. Өндіріс қалдықтары



16-сурет. Мұнай төгілген аймақтағы аққу



#### Талда!

- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Жер шарының экологиялық ахуалы күн өткен сайын түзеле ме? Өз пікіріңмен бөліс.
- Өндіріс орны қалдықтарының қоршаған ортаға зиянын болдырмау үшін қандай шара қолданған жөн?



#### Оқы, қызық!

**Илон Рив Маск** – канада-америкалық кәсіпкер, инженер, өнертапқыш, бизнес-магнат. SpaceX, Tesla Motors компанияларының негізін қалаушы, SolarCity, PayPal тең құрылтайшысы, баламалы энергетикаға қатысты жаңа технологиялар жасауға, экологиялық таза электромобильдерді, үнемді Күн сәулелік электрстансысын құрастыруға қатысқан. Ол – адам қабілетінен тыс деңгейдегі OpenAI жасанды интеллект жасау, Hurefloor концептуалды жоғары жылдамдықты тасымалдау жүйесі, Марсқа саяхаттай алатын әуе кемесін жобалау мәселелерімен айналысады.



ИЛОН РИВ МАСК



Біздің планетамыз – Күн жүйесінің үшінші планетасы. Күннен қашықтығы – 150 млн км. Жер – ең тығыз планета. Массасы –  $5,97 \times 10^{24}$  кг. Оның пішіні шар тәрізді, диаметрі – 12 742 км.

Жердің шамамен 71% -ы – су, бірақ оның тек 3% -ы ғана ішуге жарамды. Қалған бөлігін құрлықтар мен аралдар алып жатыр.

Жердің өз осінен айналу уақыты 23 сағ 56 мин 4,091 с, ал Күнді толық бір айналып шығуына 365,25 тәулік қажет.

Жер – тіршілік етуге қолайлы жалғыз планета. Себебі оны қоршап тұрған ауа қабаты – атмосфера ғарышық сәулелерден, метеориттердің атқылауынан қорғайды. Ол табиғаттағы ауа, су және жылу айналымын реттейді. Атмосфера 5 қабаттан тұрады, әр қабаттың өзіне тән температурасы бар. Атмосфераның бізге жақын қабаты – тропосфера.




1. Мәтінді оқы. «Ортақ үйіміз – Жерді табиғи, әлеуметтік апаттардан қалай қорғай аламыз?» сұрағына жауап бер.

Жер шарында болып жатқан жер сілкінісі, цунами, су тасқыны, құрғақшылық т.б. апаттар адамдарға жердегі жағдайды жақсы басқара алмайтынын үнемі еске салады.

Ғалымдардың пікірінше, біздің планетамыз бен оның тұрғындары табиғи ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік апаттарға да тап болуы мүмкін. Сақтық шараларын естен шығармайық! Планетамызды қорғай білейік!

2. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер. Жерге ғарыштан төнетін қауіптің алдын алу мүмкін бе? Қауіп төнген жағдайда Илон Масктың Марсты бағындыру туралы идеясына арқа сүйей аламыз ба?

**Ақ ергежейлілер** – өте тығыз нысандар, сөнгеннен кейін жұлдыздарға айналады (17-сурет). Ақ ергежейлілердің күшті тартылысына ұшыраған планеталардың бөлшектеніп, жойылып кетуі мүмкін.



17-сурет. Ақ ергежейлілер



#### Жасап көр!

Ғалым және жазушы К.Циолковскийдің болашаққа жасаған болжамымен танысып, «Мозаика» тәсілімен «100 жылдан соң...» фильмінің сценарийін жазыңдар. Негізгі идеясы: келешекте адамның климатты басқарып, табиғатпен тепе-теңдікті сақтауы.

- 1-топ болашақтағы Жердің келбетін жазады;
- 2-топ музыкамен жабдықтайды;
- 3-топ суретін салады;
- 4-топ негізгі кейіпкердің монологін жазады.

Адам анағұрлым саналы болады. Соғыс және өзін-өзі жоюдың басқа түрлері тоқтайды. Ақылды және білімді адамдар қоғамда жоғары тұратын болады. Даналық пен ғылым барлық жерде жол көрсетіп отырады. Еңбек өнімділігі он есе, тіпті мың есе артады. Халық Күн энергиясын екі мың есе тиімді пайдаланатын болады.

Халық үнемі өсіп отырады. Әр 100 шаршы метрге бір адамнан келетін болады. Осы тарлыққа қарамастан, өмір сәнді болады. Адам Жердің қожайынына айналады, өйткені табиғат пен адамның үйлесуі климатты басқаруға мүмкіндік береді.

Атмосфераның құрамы өзгереді. Өсімдіктер мен адамдар үшін қолайлы орта болады. Аспан әрқашан ашық, топырақ ылғалды болып, ерекше өсімдіктер бұрын-соңды болмаған өнім береді.

Адамдарды ғана емес, жануарларды да өлтіру тоқтатылады. Ет тағамдарына қарағанда, өсімдіктерден дайындалатын тамақтарға сұраныс артады. Киім-кешек табиғи материалдардан тігілетін болады.

Ауру жойылады, адам өмірі ұзарады. Көрілік жойылады, құмарлықтар әлсірейді. Өмірдің ауырлығы жоғалады...



#### Жасап көр!

QR-code арқылы материалды көріп, Күн жүйесінің Жердің болашағына әсері туралы «Болашақтағы Жер планетасының келбеті» тақырыбында шағын эссе жаз.



#### Білімді тексер!

- Жердің экологиялық жағдайын қалай жақсартуға болады?
- Болашақта Жер қандай болуы керек? Жердің тағдырына адамзаттың қосар үлесі қандай?

**Меңгерілетін білім:**

- Табиғи апаттар туралы білімді арттыру;
- Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін еліміздің кез келген азаматының жауапкершілікке тартылатынын білу;
- Қоршаған ортаны сақтау, қорғау адам баласының болашақ ұрпақ алдындағы парызы екенін ұғыну.

**Кел, ойланайық!**

- Табиғи апаттар және олардың түрлері туралы не білесің?
- «Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау» дегенді қалай түсінесің?
- Табиғи ортаны қорғау жөніндегі халықаралық келісімдер туралы не білесің?
- Адамдардың табиғатқа келтіретін зиянын деректермен дәлелде.
- Экология саласындағы негізгі міндет туралы ойларыңды ортаға сал.

**Түйін сөздер**

Катаклизм  
Табиғи апаттар

**Табиғи апаттар**

**Катаклизм** (жаһандық апат) – жойқын атмосфералық және жанартаулық процестердің әсерінен Жер бетінің ауқымды бөлігіндегі органикалық тіршіліктің сипаты мен жағдайының күрт өзгеруі.

Ауа райының аса қолайсыз құбылыстары халықты экономикалық күйзеліске ұшыратады. Қазақ халқы мұны **жұт** деп атаған: «жұт жеті ағайынды» деп, оған құрғақшылық, өрт, індет, сел (көшкін, топан су), жер сілкінісі, боранды (дауыл) қосқан. Дана халқымыз одан әрі «Жұт содырмен сегіз, салақпен тоғыз, олақпен он» деп түйіндеп, қоршаған ортаға содырлық жасамай, салақтық қылмай, олақтықпен зиян келтірмеу қажеттігін аңғарта білген.

**Жер сілкіну** – Жер қойнауындағы ығысулар мен ыдыраулардың әсерінен туатын жер астының дүмпулері мен жер бетінің тербеле қозғалуы. Мұхитпен шектескен аймақтарда жер сілкінісінен кейін қуатты толқындар, цунами, сусымалар, жартастардың құлауы сияқты өзге де апаттар пайда болады.

**Цунами** – су астындағы жер сілкінісінен, қатты желден немесе вулканның атқылауынан кейін пайда болатын толқын. Мұндай толқындардың биіктігі 30 метрден асады. Жағаға жеткен жағдайда орасан зор зардабын тигізеді.

**Дауыл** – жылы мұхит суларының үстінде пайда болатын өте ірі циклондық желдер. Олар өте күшті желге айналып, қатты жаңбыр туғызып, су тасқынына алып келеді. Жел жылдамдығын сипаттайтын Саффир-Симпсон шкаласы бойынша дауылдар түрлі деңгейлерге бөлінеді.

**Су тасқыны** – өзендер мен су қоймалары жағадан асып, іргелес жатқан аймақтарды басып қалатын табиғат құбылысы. Ол тоқтамай жауған жаңбырдан, көп мөлшерде қар мен мұздың еруінен немесе басқа факторлардың әсерінен болады. Су тасқыны ғимараттар мен инфрақұрылымдардың бұзылуына алып келеді, адам шығыны болуы да мүмкін.

**Орман өрттері** – жоғары температура, құрғақ ауа және қатты жел нәтижесінде пайда болатын табиғи катаклизм. Өрттің себебі табиғи факторлармен (найзағай) қатар адам әрекеті (орманда от жағу) болуы да мүмкін. Ғимараттар мен инфрақұрылымдардан бөлек өрт қоршаған ортаға, биоалуантүрлілікке де кері әсер етеді.

### **Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік**

Адам қоршаған ортаға тәуелді, сондықтан қоршаған ортаға зиянын тигізбеуі керек. Елді мекендер маңайына көз салсаң, табиғат аясындағы сейіл-серуеннен кейін адамдардың қоқыс қалдыратынын жиі байқауға болады.

Мұхит, теңіз, өзен, көлдер де осындай қоқыстармен ластанып, су жануарларының өміріне қауіп төндіріп жатыр (*18-сурет*). Осының барлығы әр адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі мәселесі жайында заңдар қабылдауға себеп болды. 1997 жылғы 15 шілдеде «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 2021 жылғы 2 қаңтарда Экология Кодексі қабылданды.



*18-сурет. Табиғатты таза ұстайық!*



### Талда!

- Табиғи апаттар неден туындайды?
- Табиғи апаттар кезінде қандай сақтық шараларын жасауға болады?
- Қоршаған ортаны қорғауға қандай үлес қосып жүрсің?



### Анықта!

Өзің тұратын өлкеде табиғи апаттардың қандай түрі (су тасқыны, қар көшкіні, дауыл, құйын, зілзала т.б.) жиі кездесетінін анықта. Оның салдарын жою туралы жоспар құрастыр.



### Бұл маңызды

Табиғи апаттардан басқа адамның тікелей іс-әрекетінен болатын апаттар да бар.

1. Автокөліктер апаты жол тәртібін, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтамаған жағдайда теңіз, теміржол және тас жолдарда болады.

2. Ұшақтар апаты. Жолаушы, жүк тасымалдау, ғылыми мақсаттағы ұшақ, тікұшақ, ғарыштық зымырандар, реактивті ұшақтар апатқа ұшырауы мүмкін. Бұл апаттар аумақты жерді қамтып, табиғатқа шығын әкеледі. Әсіресе Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылатын ғарыш кемелері мен Жер серіктерінде болатын апаттардың қаупі ерекше. Мысалы, 1999 жылғы «Протон», 2006 жылғы «Днепр» ғарыш зымырандарының апаты кезінде қазақ жеріне зор зиян келтірілгені белгілі.

3. Өнеркәсіп орындарындағы апаттар. Бұл апаттар технологиялық процестердің бұзылуы, техника қауіпсіздігі ережесін сақтамау, техниканың ескілігі салдарынан болады. Әсіресе химия, мұнай, уран, атом энергиясын өндіретін өнеркәсіптердегі апаттар өте қауіпті. Олардан ауаға, суға, қоршаған ортаға зиянды заттар шығарылып, бүкіл тіршілік атаулыны жоюы мүмкін.

Аталған экологиялық апат түрлері қоршаған ортаға орны толмайтын шығын әкеледі. Мәселен, топырақтың өнімділігі төмендеп, шөл далаға айналады; қышқыл жауын-шашын жауады; су ластанып, ауылшаруашылық өнімдері азаяды; құстар мен балықтардың, аңдардың кей түрі жойылады.



### Оқы, қызық!

Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан ырымдар мен тыйымдары – адамдардың бір-бірімен, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынастарына берілген тұжырым, түйінделген қағида.

Ырым-тыйым арқылы бала тәрбиелеу, оны жат әдеттерден тыю, туындауы мүмкін қауіп-қатерлерді ескерту және т.б. – ұлтымыздың рухани кеңістігінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тарихи, этномәдени, әлеуметтік мәні терең дүниелер.



### Жадында сақта!

Экологиялық құқықбұзушылық дегеніміз – белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және қоршаған ортаға зиян келтіретін заңға қайшы іс-қимылдар. Мұндай іс-әрекеттерге суларды ластау, сарқу, бұлақ көзін бітеу; жерді бұлдіру, жер қойнауын рұқсатсыз пайдалану; Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктерді жою; ормандарды жою, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу; қоқыс тастап, көпшілік демалатын орындарды ластау жатады. Жадында сақта: мұндай іс-әрекеттер заңмен жазаланады!



### Жасап көр!

Суреттермен (19-сурет) таныс. Кестедегі сұрақтарға жауап беріп, табиғи апат кезінде не істеу керектігі жөнінде постер жаса.



Жанартау атқылауы



Жер сілкіну



Қар қошқіні



Цунами



Теңіз дауылы



Жел

19-сурет. Табиғи құбылыстар мен апаттар

Сұрақтар	Жауаптар
Сен тұратын жергілікті аумақта қандай географиялық құбылыстар кездеседі?	
Сен оларды жиі байқайсың ба?	
Бұларды табиғи апат түрлеріне жатқызуға бола ма?	
Олардың қандай зардаптары болуы мүмкін?	
Желдің қандай зияны мен пайдасын білесің?	
Жер сілкіну кезінде қандай әрекеттер жасайсың? Семкеде қандай заттар дайын тұру керек?	
Қай мезгілде тауда серуендеуге болмайды? Неліктен?	



### Зертте!

Үш топқа бөлініп, шағын ғылыми жоба қорғандар. Қорытындысынан кейін сыныптарыңмен «Табиғатты қорғау біздің қолымызда!» экологиялық акциясына атсалысып, сенбілік өткізіндер.

#### Экологтер

Қоршаған ортаны қорғауға қандай үлес қосуға болатынын тұжырымдайды

#### Сарапшылар

Табиғатты қорғау мақсатында жүргізіліп жатқан іс-шаралар нәтижесін саралайды

#### Биологтер

Табиғаттың адамға берер пайдасы мен адамның табиғатқа келтіретін зиянын талдайды



### Білімді тексер!

Көп нүктенің орнына өзің дұрыс деп ойлаған сөздерді қой.

#### Геодиктант

... қызықты болды.  
Мен бүгін ... білдім.  
Мені ... таңғалдырды.  
Енді мен ... білетін боламын.  
Менің ... анықтауым қажет.

**Адамзат** – бүкіл адам баласы.

**Адамгершілік** – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. Адамгершілік белгілері: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық т.б.

**Адамгершілік мәдениеті** – тұлғаның моральдық принциптері, нормалары мен идеалдарын игеру деңгейі, оларды адамдар арасындағы қарым-қатынаста пайдалану.

**Азаматтық парыз** – адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның туған жер, атамекен, Отан, халық алдындағы парызы.

**Азаматтық патриотизм** – саналы тұлғаның ұлтын сүйуі, өз тарихын, туған тілін құрметтеуі, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрін дәріптеуі, ұлттық қадір-қасиетті арттыруға үлес қосуы, туған елі үшін үнемі тер төге қызмет етуі.

**Академиялық адалдық** – білім алушылардың жеке адамгершілік қасиеттері, оның ішінде адалдығы мен білім алудағы жауапкершіліктерін дамытуға бағытталған құндылықтар мен қағидалар жиынтығы. Шындық, сенім, құрмет, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сақтау.

**Ақпараттық технология** – ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымын қалыптастыру.

**Ақпараттық мәдениет** – кез келген ақпарат көзін: анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалану, алынған мәліметті талғамды түрде саралап, ой елегінен өткізіп, талдай білу.

**Атамекен** – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.

**Әдептілік** – (араб. «сыпайылық») – адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы.

**Әділеттілік** – адамдық қатынастардың заңға, моральдық-этикалық тәртіптерге, құқықтарға және т.б. нормаларға, талаптарға сәйкес келуі; құқықтар мен міндеттемелер, еңбек пен марапаттау, қылмыс пен жаза және т.б. арасының сәйкес келуі. Бұл арақатынастардың сәйкес келмеуі әділетсіздік деп бағаланады.

**Әлеумет** – қандай да бір ортақ белгісі, мүддесі, мақсаты, мінез-құлық түрі бар адамдар жиынтығы; бірқатар нақтылы әлеуметтік қауымдастықтардың жалпы атауы ретінде қолданылатын ұғым.

**Әлеуметтік нормалар** – тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасқан әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың іс-әрекеттерін реттейтін талаптар.

**Әрекет** – адамның, кейде әлеуметтік топтың әлдебір істі атқаруға белсене кірісуі.

**Бактерия** – тек микроскоппен көрінетін бір жасушалы ағза, көбісі таяқша пішінді болып келеді. Бактерия негізінен түссіз, тек кейбіреулерінде ғана аздап бояғыш заттар кездеседі.

**Бейнехостинг** – видеоны (бейнені) көруге және жүктеп алуға мүмкіндік беретін веб-қызмет, онлайн-платформа. Әрбір пайдаланушы видео жасап, хостингке жүктей алады.

**Бостандық** – адамның не жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы.

**Бренд** – бір тауарды өзгелерден ерекшелендіретін дүние, сауда белгісі. Оның ерекше дизайны, логотипі, девизі, мақсаты, атауы болуы мүмкін. Әдемі таңба-рәміздерді және фирмалық мәнерді «бренд» деп атау қате болмайды.

**Буллинг** – бір адамды басқа бір адамның немесе топтың кемсітуі, намысына тиюі, сыртынан өсек айтуы, беделіне нұқсан келтіруі.

**Бюджет** – орталықтандырылған ақша қорының құралу көздері мен жұмсалыу бағыттарын сипаттайтын экономикалық категория, ақшалай кіріс пен шығыстың балансы.

**Вирус** – жасушасы жоқ өте ұсақ ағзалық зат. Ол бактериядан кіші. Вирус – латынша «у» деген сөз.

**Ереже** – дәстүрлі халық құқығының қайнар көзі, нормативтік-құқықтық қағида. Ежелгі дәуірде, орта ғасырларда «жөн-жосық», «ата-баба жолы» деп аталған.

**Ережелер жиынтығы** – белгілі бір кеңістіктегі адамдар тобының іс-әрекеттері мен мінез-құлқын реттеуге бағытталған ресми сипаттағы нұсқаулар немесе нормалар жиынтығы. Азаматтық бірлестіктерде, саяси партияларда, компанияларда, кәсіпорындарда және басқаларында жиі кездеседі: Мақсаты – ұйымның дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік беру.

**Жауапкершілік** – белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындауынан, жүзеге асыруынан байқалатын адам бойындағы қасиет.

**Жауапсыздық** – іске немқұрайды қараушылық.

**Заң** – мемлекет белгілеген нормативтік-құқықтық актілер, жалпыға бірдей міндетті ережелер. Мемлекеттік биліктің жоғары өкілетті органы қабылдаған немесе тұрғындардың тікелей ерік білдіруі арқылы (мысалы, референдум тәртібімен) қабылданған, неғұрлым маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.

**Зорлық-зомбылық** – азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға төндік немесе психикалық кері ықпал етуі. Зорлық-зомбылық жасаған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

**Инфекция** – микро және макроағзалар қарым-қатынасының бір түрі, инфекциялық агенттің ағзаға кіруі мен онда өсіп-өнуі. Инфекцияға ауру белгісі білінбей-ақ қоздырғышты тасымалдаудан бастап, ауру белгілері толық көрінетін ауруларға дейін жатады. «Инфекция» деп, негізінде, жұқпалы аурулар тобын немесе олардың белгілі бір түрін атайды.

**Ипотекалық несие** – жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін несие. Ипотекалық, коммерциялық банктер, несие-қаржы мекемелері жылжымайтын мүлік (жер, құрылыс т.б.) кепілімен беретін несие.

**Көзқарас** – адамның өзі өмір сүріп жатқан қоғамға, сол кезеңде немесе бұрын болған оқиғалар мен құбылыстарға, жеке тұлғаларға, идеяларға т.б. қарым-қатынасы және содан туындайтын иланымы, тіршілікте, түрлі қызметте басшылыққа алатын ұстанымы.

**Кибербуллинг** – интернет, әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету.

**Кіндік қаны тамған жер** – адамзаттың алғаш дүниеге келген жері, қасиетті мекені. Ол ауыл, аудан, қала т.б. елді мекен болуы мүмкін.

**Қайырымдылық** – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айнала-сындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін, адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді.

**Қарым-қатынас** – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы.

**Қарым-қатынас этикасы** – адамдар арасында жақсы қарым-қатынас орнатуға қажетті ережелер жиынтығы, этикет.

**Қажеттілік** – өмір мен дамудың белгілі бір жағдайларында адамның міндетті түрде керек ететін қажетсінулері.

**Қоршаған орта** – адамзат қоғамы өмір сүретін табиғи және антропогендік орта. Адамға, оның шаруашылығына тікелей әсер ететін орталардың жиынтығы.

**Құқықбұзушылық** – адамдардың ережеге, заңға бағынбауы, қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Таратып айтсақ, азаматтық (жеке басқа, азаматтың не заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтіру, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетін қаралайтын мәлімет тарату және т.б.), өкімшілік (ұсақ бұзақылық, жол ережесі тәртібін бұзу), тәртіптік теріс қылық (жұмыстан кешігу, жұмысқа бармау т.б.) және т.б.

**Құндылық** – қоғамдық ой мен баға беру, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар.

**Қылмыс** – құқықбұзушылықтың барынша қауіпті түрі. Оған өкімшілік, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Міндет – заң талаптарын бұзбау, жүктелген міндетті адал, дұрыс орындау. Заңды білмеу жауапкершіліктен құтқармайды.

**Мәдениеттілік** – адамның тұлғалық асыл қасиеттерінің көрінісі. Дәстүрлі өдеп жүйесіндегі әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес.

**Медиасауаттылық** – адамның бейнелерді (образдарды), дыбыстарды және хабарламаларды алу, талдап-сараптау және бағалай білу қабілеті: берілген критерийлер бойынша жіктеу, жинау, сүзу, бір түрден екінші түрге ауыстыру, берілген параметрлерге сәйкес ұсыну және т.б.

**Намыс** – адамның жеке басының, отбасының, ұлтының, Отанының мәнін сезінуінен туындайтын, сол үшін күресінен көрініс табатын ар-ождан үні.

**Несие** – белгілі бір мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін өдетте пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз.

**Несие пайызы** – уақытша пайдалану үшін несиеге берілетін соманың өзіндік бағасы, яғни несие берушінің несие алушыдан белгілі бір кезең ішінде ақшалай қаражатты пайдаланғаны үшін алатын төлемақысы.

**Отаншылдық, отансүйгіштік** – Отанға, туып өскен жерге, елге, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезім. Өз ұлтын, туып өскен жерін сүйіп, оған адал қызмет еткен адамды «отаншыл» дейміз.

**Отбасы** – адам баласының өсіп, өнген алтын ұясы. Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Адамның өміріндегі ең қуанышты, қызық дәурені осы отбасында өтеді. Отбасы – адамның рухани тірегі.

**Отбасы бюджеті** – уақыт бірлігіне (айға, жылға) шаққандағы отбасының кірісі мен шығысы жиынтығы.

**Өсиет** – жасы үлкен немесе парасатты, білімді, тәжірибелі адам тарапынан өзінен кейінгілерге, жасы кішілерге айтылатын ақыл-кеңес.

**Пайым** – ақыл, парасат, түсінік.

**Парасаттылық** – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасатты адамға сүйіспеншілік, адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән.

**Патриот** – өз Отанын, халқын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам.

**Патриотизм** – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту.

**Преролл (pre-roll)** – негізгі киноконтентті көрсету басталғанға дейін автоматты түрде қосылатын ұзақтығы 30 секундқа дейінгі жарнамалық ролик.

**Сапар** – жолаушылық. Адам өзі тұратын жерінен сапарға шыққаннан бастап жолаушы саналады.

**Саяхат** – қоршаған ортаны танып білу, зерттеу және танымдық, спорттық өрі басқа да мақсаттармен кез келген аумақта серуендеу.

**Табиғи апаттар** – табиғат құбылысының өзгеруіне байланысты пайда болатын апаттар. Бұл апаттар қоршаған ортаға көп зардабын тигізеді: адамдар мен жануарлардың өліміне, халық өмірінің күрт өзгеруіне, материалдық құндылықтардың жойылуына әкеледі.

**Табиғи құбылыстар** – тұрақты немесе кездейсоқ кезеңділікпен жүретін процестердің көрінісі. Олар Жердің пайда болуы сияқты ұзақ уақытқа созылатын процестер немесе қысқа уақытта орын алатын алапат дауыл не үлкен метеориттің соққысы сияқты апаттар болуы мүмкін.

**Тәуелсіздік** – біреуге бағынышты емес, еркіндік, бостандық.

**Төтенше жағдай (ТЖ)** – адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар. Жер сілкінісі, сел жүру секілді табиғи апаттар немесе өндірістік апат кезінде төтенше жағдай жарияланады. Террористік акт, әскери операциялар да төтенше жағдайға жатады.

**Ұстамды** – байыпты, байсалды, сабырлы.

**Ұстамдылық** – адамның өз мінез-құлқын бақылай білуі, ашулы кездерде, ызаланған сәттерде, ауырғанда, өмірдің қиын мәселелерін шешкен шақта шыдамдылық көрсету және өрескел мінез-құлық пен артық әрекеттен бас тарту.

**Ізеттілік** – адамның әдептілігін, сыпайылығын, өнегелілігін, қарапайымдылығын білдіретін этикалық ұғым. Халқымыз өнегелі ісімен көзге түскен адамды, әсіресе жастарды «ізетті жан» деп атаған.

Ізетті адам деп жақсы тәрбие алып, оны іс жүзінде қолданған адамды айтады.

**Цифрлық сауаттылық** – ақпаратты табу, бағалау, пайдалану және жасау үшін жеке тұлғаның цифрлық технологияларды, коммуникацияларды немесе желілерді пайдалану қабілеті. Цифрлық сауаттылық жеке тұлғаның қабілетін де қамтиды. Мәселен, ақпарат көздерінің кең ауқымдағы, бірнеше форматтағы ақпаратын түсіну және пайдалану; цифрлық ортада тапсырмаларды тиімді орындау.

**Экожүйе** – тірі ағзалар жиынтығының қоректену, өсу және ұрпақ беру үшін белгілі бір тіршілік ету кеңістігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптасқан жүйесі.

**Экологиялық мәдениет** – дүниежүзілік мәдениеттің дамуының бір кезеңі және құрамдас бөлімі. Адамзаттың экологиялық проблемалардың маңыздылығын көміл ұғынуы экологиялық мәдениет болып саналады.

**Эскапад** – тұлғаның шындықтан иллюзия мен қиял әлеміне кетуге деген ұмтылысы. Екі мағынасы бар: 1) көңілді, ерікті, батыл, қулық жасау; 2) шытырман оқиғалы саяхат.

**Этика** – адамгершіліктің әртүрлі қоғамдық құбылыстардағы сан алуан түрі мен нормалары туралы ілімдер жүйесі. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында этизм ұғымының баламасы ретінде «ар-ождан» ұғымы қолданылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер

### Негізгі әдебиеттер

1. Алтысарин Ы. Таза бұлақ. Өлеңдер, өңгімелер, мысалдар, ертегілер. – Алматы: Жазушы, 2003. – 240 б.
2. Асыллов Ү. Даналардан шыққан сөз: нақылдар жинағы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
3. Асыллов Ү., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп. – Алматы: Рауан, 1998. – 272 б.
4. Әкімбаева Ж., Бақаш Е., Нұркеева С., Мұратханова Р. Өзін-өзі тану. 7-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2017. – 144 б.
5. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.
6. Ибраева А., Әлібаева Г., Айтхожин Қ. Құқықтану: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2006. – 200 б.
7. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2013. – 384 б.
8. Комлев Н.Г. Словарь иностранных слов. – Москва: ЭКСМО-Пресс, 2000–2006. – 1168 б.
9. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Бас ред. Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.
10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
12. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Экология және табиғат қорғау. Жалпы редакциясын басқарған – А.Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 456 б.
13. Қазақ этикасы және эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. Құраст.: Т.Ғабитов. Аудар.: Т.Ғабитов, Е.Үсенбаев, Ә.Әлімжанова. – Астана: Аударма, 2007. – 455 б.
14. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2006. – 482 б.
15. Паранич А. Жеке қаржылық жоспар. Нұсқаулық. – Москва: Дивидент, 2021. – 154 б.
16. Сәтімбеков Р. Биология: жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2007. – 222 б.

17. Тимошинов В. Мәдениеттану. Әлемдік мәдениет бойынша анықтамалық. Оқу құралы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.
18. Фёдоров А.В. Медиаобразование и медиаграмотность. – Москва: Директ-медиа, 2013. – 343 с.
19. Шефер Б. Қаржылық бостандыққа жетелейтін жол. – Москва: Попурри, 2021. – 336 б.

### **Қосымша әдебиеттер**

1. Ахметова З. Шуақты күндер. Естелік, эссе. – Алматы: Жалын, 1987. – 264 б.
4. Баласағұни Ж. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. 5-том. – Астана, 2005. – 528 б.
3. Баласағұни Ж. Құтты білік. – Алматы, 2000. – 275 б.
4. Даналардан шыққан сөз. – Алматы: Жазушы, 1994. – 68 б.
5. Адамбаев Б., Жарқыбекова Т. Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз-өңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 368 б.
6. Қанайұлы Ш. Шығармалары: толғаулар, айтыстар, дастандар. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 384 б.
7. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми-жоба орталығы, 1991. – 78 б.
8. Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы. – Алматы: Жалын, 2001. – 320 б.
9. Момышұлы Б. Үшқан ұя. Повесть, өңгіме, нақылдар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.
10. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. – Алматы: Жазушы, 2009. – 464 б.
11. Ысқақ Ә. Абзалдық әліппесі немесе жүрек дәптері. Адами қарым-қатынас, өмір сүру қағидалары, ізгілік іздері туралы күнделік-эссе. – Шымкент, 1996. – 108 б.
12. Ысқақ Б. Қазақ елі. – Алматы: Әлем, 2013. – 203 б.

### **Электрондық ресурстар**

- <https://akorda.kz>
- <https://adilet.zan.kz>
- <https://egemen.kz>
- <https://egov.kz>
- <https://www.instagram.com/elektrondikitap>
- <https://medqaz.com>
- <https://sputnik.kz>

## Мазмұны

Кіріспе.....	4
<b>I БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП</b>	
§1. Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы мен отбасылық құндылықтар.....	6
§2. Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары. Академиялық адалдық .....	10
§3. Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз.....	16
<b>II БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ПАТРИОТИЗМ</b>	
§4. Біз – біртұтас халықпыз!.....	22
§5. Отаныма арналады .....	28
§6. Елім – менің жүрегімде!.....	34
<b>III БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ</b>	
§7. Бейнехостинг не үшін қолданылады? Жалған танымалдық ...	40
§8. Отбасы кірістері мен отбасылық шығындар. Отбасы қорын жинақтау түрлері .....	47
§9. Отбасы бюджетін жүргізу ережесі. Жоспарсыз сатып алу .....	53
§10. Тұрғын үй несиесі. Ипотека.....	58
<b>IV БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ</b>	
§11. Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік.....	64
§12. Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу .....	69
§13. Жеке басқа қолсұқпаушылық құқығы.....	74
§14. Зорлық-зомбылыққа жол жоқ .....	78
§15. Алғашқы көмек көрсету ережелері.....	83
<b>V БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ</b>	
§16. Табиғатқа деген сүйіспеншілік.....	88
§17. Болашақта Жер қандай болу керек? .....	93
§18. Табиғи апаттар. Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік.....	98
Глоссарий.....	103
Пайдаланылған әдебиеттер .....	109

*Оқулық басылым*

**Бакытгуль Урыбасаровна Салыхова  
Жазира Жайлаубековна Акимбаева  
Рахимаң Айтбаевна Абдраимова  
Қанат Әуесбайұлы Әуесбай  
Есет Жаумбаевич Караев**

## **ЖАҢАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР**

Негізгі орта білім беру деңгейінің  
8-сынып оқушыларына арналған оқулық

**Бас редакторы А.Бекболатова / Редакторы Н.Абдижаппарова  
Техникалық редакторы В.Бондарев / Арт-директоры О.Подопригора  
Көркемдеуші редакторы Т.Давлетова / Билд-редакторлары А.Умбетқалиева,  
Ш.Есенкулова / Суретшілері А.Айтжанов, И.Краус, А.Сырғабаев, А.Адилжанова  
Беттегелдер Г.Илишева, Л.Костина, Ж. Илахунова, Н. Нержанова, С.Сулейменова**

**Біздің мекенжайларымыз:**

Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.

Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: [astana@arman-pv.kz](mailto:astana@arman-pv.kz)

Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.

Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: [info@arman-pv.kz](mailto:info@arman-pv.kz)

Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

**«Arman-PV baspasy» кітап дүкені**

Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 03.10.23 берілді. Басуға 06.06.23 қол қойылды. Пішімі 70 x 100<sup>1</sup>/<sub>20</sub>. Қағазы оңсеттік.  
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Оңсеттік басылды. Шартты баспа табағы 9,03 . Тиражымы 50000 дана.  
«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

**Артикул 808-013-001к-24**